Қым-қуыт тірлік қызған шақ
3 - бет ҚОҒАМ

Еліміздің ақша жылыстауы артқан
6 - бет ҚАРЖЫ

Балмұздақ компаниясы балаларды қуантты
8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//10 ҚЫРКҮЙЕК 2020 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ&ҮКІМЕТ

Мұнай-газ, химия саласына $15 млрд салынады

Өткен жұмада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика министрі Нұрлан Ноғаевты қабылдады. Ведомство басшысы министрліктің ағымдағы жылдың 7 айындағы жұмыс қорытындылары жайында есеп берді және елдің отын-энергетика кешенін дамыту перспективаларымен таныстырды. Бұл туралы Ақ орданың Баспасөз қызметі хабарлады.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Атап айтқанда, Нұрлан Ноғаев Мемлекет басшысына болашақта Теңіз кенішін кеңейту мен ернеулік қысымды басқару жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуы туралы баяндады. Бұл жобалар 2022 жылдың соңына дейін мұнай өндірісін 12 млн тоннаға арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай ақ Президентке 2025 жылға дейін мұнай-газ, химия саласында жалпы соммасы 15 млрд АҚШ доллары болатын жобаларды жүзеге асыру жоспарланғаны туралы ақпарат берілді.

Министрдің айтуынша, биыл жыл басынан бері қуаттылығы 432,05 МВттық жаңартылатын қуат көздерінің 15 нысаны іске қосылған. Жыл соңына дейін тағы 260 МВт жаңартылатын қуат көздерінің нысандары пайдалануға берілмек.

Нұрлан Ноғаев 1 қыркүйектен бастап саланы цифрландыру бағдарламасы аясында қазба байлықтарды пайдалану құқығы бойынша аукциондарды электронды форматта өткізу жоспарланып отырғанына тоқталды. Бұл конкурстық үдерістердің ашық жүруін қамтамасыз етіп, кәсіпкерлердің шығындарын азайтады.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы энергетика саласын дамытуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

СЕКТОРДЫ ЭКСПОРТТЫҚ ӨНІМГЕ БАҒДАРЛАУ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен үкімет отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар қаралды. Энергетика саласындағы қазіргі және орта мерзімді жоспарлар туралы энергетика министрі Нұрлан Ноғаев баяндады, деп хабарлайды Қазақстан Республикасы Үкіметінің Баспасөз қызметі prime-minister.kz сайтында.

Мұнай-газ секторы еліміздегі жалпы ішкі өнімнің шамамен 25%-ын өндіретін және экономикаға 50%-ға жуық инвестиция тартатын ел экономикасының негізгі қозғаушы күші болғанына қарамастан, министрлік мұнай-газ секторын шикізаттық бағыттан қосылған құны жоғары, экспортқа бағдарланған өнімді шығаруға және жоғары бөліністі мұнай газ-химия өнеркәсібін дамытуға қайта бағдарлау бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде.

Жаңа кәсіпорындарды іске қосу және жұмыс істеп тұрған хош иісті көмірсутекті, майлар мен полипропиленді өндіру зауыттарының өнімді шығару көлемдерін үдетуіне байланысты жыл сайын мұнай газ-химия өнімдерін шығаруда өсім байқалады. Бүгінгі таңда салада 2025 жылға дейін жалпы сомасы шамамен 15 млрд долларды құрайтын жобалар қолға алынды.

Министрдің айтуынша, мұнай-газ химиясы саласын дамытуға инвестициялар тарту үшін Үкімет тарапынан нақты мемлекеттік қолдау көрсетілуде.

> [4]

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
KZAP 08.09.20 15:00	6 371,00	+2,39	+7,44
GB_KZMS 08.09.20 15:00	3 051,00	+1,33	+4,65
KEGC 08.09.20 15:00	1 716,00	+0,51	+0,65
KZTO 08.09.20 15:00	813,94	+0,30	+6,04
HSBK 08.09.20 15:00	119,17	+0,18	+5,63
Индекс KASE 08.09.20 15:00	2 477,67	+0,65	+2,68

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 08.09.20 00:00	7,80	-0,02	+0,13
TONIA 08.09.20 14:59	7,79	-0,03	+0,15
SWAP-1D (USD) 08.09.20 15:06	8,00	-0,20	-0,70
TWINA 08.09.20 14:38	8,84	-0,16	-0,07
SWAP-2D (USD) 08.09.20 15:06	8,06	+0,03	-0,48
KazPrime-3M (KZT) 08.09.20 11:33	10,50	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
ATFBe7 08.09.20	0.00	–
MFOKb1 07.09.20	18.99	–
AGFNb1 07.09.20	13.50	–
FFINb3 07.09.20	0.00	–
GB_LOYDe1 04.05.20	7.30	–
TEBNe1 01.09.20	0.00	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
MUM156_0001 08.09.20	9.70	–
MUM120_0018 07.09.20	9.50	–
MUM108_0013 03.09.20	9.76	
NTK028_2667 02.09.20	8.79	–
RU_01_2806 02.09.20	2.50	–
TR_01_2408 01.09.20	6.15	–

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2 477.67	0.65% ↑
FTSE 100	5930.30	-0.12% ↓
CAC 40	4973.52	-1.59% ↓
S&P 500	3331.84	-3.09% ↓
Dow Jones	27500.89	0.76% ↑
Nikkei 225	23274.13	0.80% ↑
DAX	12968.33	-1.01% ↓
SSE Comp	3410.61	0.44% ↑

09 Қыркүйек 2019

Тауарлар

Мұнай	39.78	-5.06% ↓
Алтын	1 928.45	0.11% ↑
Платина	898.00	-0.55% ↓
Палладий	2 310.00	0.87% ↑
Никель	15 229.00	0.11% ↑
Алюминий	1 803.50	0.81% ↑
Күміс	26.83	0.06% ↑

09 Қыркүйек 2019

Валюта нарықтары

USDKZT	423.54	0.13% ↑
EURKZT	499.40	-0.16% ↓
USDRUB	76.2826	0.00% ↑
USDUAH	27.7700	0.02% ↑
USDBYN	2.6401	0.28% ↑
EURUSD	1.1780	0.00% ↑
GBPUSD	1.2969	-0.14% ↓

09 Қыркүйек 2019

ТРАНСФОРМАЦИЯҒА – 5 ЖЫЛ

Самұрық-Энерго: Өзгеріс өзіннен басталады

Биыл «Самұрық-Энерго» АҚ-та Трансформация бағдарламасының басталғанына 5 жыл толды. Холдингтің өзгеруі тұрғысынан алғанда, бұл үлкен жетістіктер туралы айту, нәтижелерді қорытындылау үшін салыстырмалы түрде қысқа мерзім. Дегенмен, жобаларды жүзеге асырудан, трансформация командасынан адамдар пулын қалыптастыру мен көшбасшыларды анықтаудан қаржылық пайда алу бөлігінде елеулі ілгерілеушілік бар.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Самұрық-Қазына қорының барлық қоржындық компанияларындағы өзгерістерді бастауға бастамашы болған Трансформациялау бағдарламасы әлемдегі жетекші холдингтердің: малайзиялық «Khazanah», сингапурлық «Temasek» және Біріккен Араб Әмірліктерінің «Mubadala» холдингтері тәжірибесіне негізделген болатын. Ерекшелігі сол, Малайзияның «Khazanah» ұлттық әл-ауқат қоры осы тәжірибесі арқылы бірнеше жылдың ішінде әлсіз, экономикалық пайдасы төмен холдинг деңгейінен аймақтық көшбасшылардың инкубаторына, бүкіл ел ауқымында трансформацияның катализаторына айнала алған.

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасының алғашқы жобалық портфелі корпоративтік орталықтағы бизнес-процестерді жақсартуға бағытталған 12 жобаны, 4 салалық бизнес-процесті және компанияның ұйымдық құрылымы бойынша 1 жобаны қамтыған. Бастапқыда бағдарлама 3 негізгі бағытты: адамдарды, процестерді және технологияларды белгіледі. «Адамдар» санатына зор басымдық берілуі кездейсоқ емес. Егер адамдар жаңашылдықтар мен өзгерістерге сенбесе және қаламаса, бірде-бір жүйе, бірде-бір автоматтандыру процесі тамыр жаймайтыны анық. Трансформация бағдарламасы процестерді, технологияларды және деректерді дамытуға ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің әлеуетін ашуға, олардың құзыреті мен жалпы көзқарасын арттыруға тұрткі болды.

Ал енді компанияның стратегиясы бола тұра трансформация бағдарламасы не үшін қажет болды? Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ стратегиясы негізгі өндірістік және стратегиялық активтерге назар аудара отырып, өндіріс тиімділігін, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталғанын айту керек. Яғни, ол бизнестің дамуына жауап береді. Трансформацияға келсек, бұл холдингтің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге көмектесетін түрлі мүмкіндіктерді қамтитын икемді құрал. Компания дерегіне сәйкес, 5 жыл ішінде бұл бағдарлама «Самұрық-Энерго» АҚ-қа 13,63 млн теңге табыс әкелген.

> [5]

COVID-19

Дәрі-дәрмек дер кезінде жетуде ме?

Пандемия халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жайының да осал тұстарын ашып, дәрілік заттарды жеткізудегі ашықтық пен жылдамдық мәселесі ушығып тұрғанын көрсетті. Бұл процесс қазір қай деңгейде, орын алған бюрократиялық кедергілер толық жойылды ма?

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Қазірде дәрі-дәрмекті өңірлерге жылдам, уақытылы жеткізу мәселесі өте өзекті болғандықтан, бұл тұйтқілді ынтымақтаса шешудің барлық мүмкін болатын қосымша нұсқалары пысықталуда.

> [5]

ДАМУҒА БАҒДАР: ӨТКЕННІҢ САБАҒЫ КЕЛЕШЕККЕ АРҚАУ БОЛАДЫ 2

ДЕМОГРАФИЧЕСКОМУ РАЗВИТИЮ ДОЛЖНО УДЕЛЯТЬСЯ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ 7

16+

№36 (678)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

COVID-19: Кеселмен күрес

ӨЖЖ өндірісі ашылды

Премьер-министр Асқар Мамин «Қазақстан Аселсан инжиниринг» қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорнына барды. Онда пандемия жағдайында өкпені жасанды желдету (ӨЖЖ) стационарлық аппараттарының өндірісі ұйымдастырылған.

Аппарат емдеу мекемелерінде жансақтау және қаркынды терапия бөлімдерінде ересектер мен балалардың өкпесін ұзақ уақыт бойы желдетуге арналған. ӨЖЖ аппараты Денсаулық сақтау министрлігінің талаптарына сай келеді және Нұр-Сұлтан қаласындағы Көпсалалы жұқпалы аурулар орталығында сәтті сынақтан өтіп, медицина мамандарының оң сараптамалық қорытындысын алған.

Қазіргі кезде жергіліктендіру деңгейін 30%-ке дейін жеткізумен және одан да жоғары деңгейге ұлғайту перспективасымен ӨЖЖ аппараттарын өндірістік құрастыру жүзеге асырылуда. Өндірістік цикл кезеңінде жергіліктендіру деңгейі «Қазақстан Аселсан инжиниринг» ЖШС-ның заманауи құрылғылармен жабдықталуының, электронды, радиоэлектронды және оптикалық құралдар саласындағы инженерлік-техникалық персоналдың жоғары біліктілігінің арқасында артатын болады. ӨЖЖ аппараттары өндірісіне еліміздің басқа да қорғаныс саласы кәсіпорындарының технологиялық әлеуеті тартылған. Денсаулық сақтау министрлігінің жөнелтуге рұқсаты бойынша ӨЖЖ аппараттары биыл қыркүйек-қазан айларында еліміздің барлық өңірлері бойынша медицина мекемелеріне 1500 дана көлемінде жеткізілетін болады.

Бұл аппараттарды құрастырумен қатар, кәсіпорынның инженерлік-техникалық персоналы емдеу мекемелеріндегі медицина қызметкерлерінің оқытылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ 24/7 режиминде техникалық қолдауды жүзеге асырады. Кәсіпорындарға 3 жыл бойы кепілдікті қызмет көрсету мерзімі ұсынылады.

Алып шаһар

Бірегей нысандар белгіленді

Алматыдағы бірегей ғимараттар каталогына 300-ден астам нысан енгізілді.

Алматы қаласы қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджановтың айтуынша, бірегей ғимараттарды анықтау жұмыстары әлі де жалғасуда. Оларды қайта қалпына келтіру мәселесі қолға алынған. Ең алдымен, өткен ғасырдың 30-40 жылдары салынған үйлердің қасбеттері жөнделеді.

Атап өтсек, қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша тарихи көркі сақталуы тиіс ерекше ғимараттар мен нысандардың тізімі жасалады. Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы сәулет ескерткіштері тізіміне енуі тиіс ғимараттар бойынша түскен ұсыныстарды жинау жобасын іске қосқан болатын. Алматылықтар сақталуы тиіс ғимарат туралы ақпаратты, аты-жөні мен тегін, байланыс телефонын, нысанның мекенжайы мен суретін almaty.uaig.kz сайтындағы «Бірегей ғимараттар каталогы» айдарына жібере алады.

Келер жылы Алматы қаласының дизайн-код жобасы қабылданады. Дизайн-код – қаланы, қала көшелерін, қоғамдық аймақтарды безендірудің бірыңғай сәулеттік стилі. Бұл шаһардағы архитектуралық шешімдерді дамытуды қамтамасыз етеді. Кәсіпкерлер үшін де, қалалықтар үшін де бірыңғай стандартты құжат. Қазір қаланың барлық субъектілерінен дизайн-код бойынша ұсыныстар мен ескертпелер жинақталуда.

Нұрлы жол

Көшелер көркейіп келеді

Ұзақ жылдар бойы Қызылорда қаласында бұрынғы тозығы жеткен көшелер проблемасы өзекті болып келді. Қазіргі таңда бұл орындар жергілікті тұрғындардың көз алдында жаңарып жатыр.

Биыл қаланың шет аймағы мен ауылдық округтердегі барлығы 260 көшенің жолы жөнделуде. Оның ішінде Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы аясында атқарылып жатқан игілікті істер де бар. Атап айтқанда, қала аумағындағы 111, кент және ауылдық округтердегі 32 көшедегі жол жөнделуде. Тұрғындар өтініші орындалып, биыл көше бойындағы жаяу жүргіншілер жолын салу ісіне де баса назар аударылды. 102 шақырымды құрайтын 68 көшеге жаяу жүргінші жолы салынуда. «Жаяу жүргіншілер жолын салуда көптеген талаптар бар. Бұл орындар мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалысына қолайлы болу қажет. Мердігер компанияларға осындай талаптар қойылды», – дейді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Е.Рахматуллаев.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкімет Мемлекет басшысының халыққа арнаған Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарды қабылдады. Жиында сондай-ақ еліміздің биылғы қаңтар-тамыздағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы, эпидемиологиялық жағдай баяндалды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Дамуға бағдар: Өткеннің сабағы келешекке арқау болады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын ұсынған ұлттық экономика министрі Р.Дәленовтің айтуынша, құжат Мемлекет басшысы белгілеген негізгі бағыттар бойынша 143 тармақтан тұрады. Оның ішінде «мемлекеттік басқарудың жаңа моделі» – 10, «жаңа жағдайдағы экономикалық даму» – 42, «теңгерімді аумақтық даму» – 2, «азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – басты басымдық» – 10, «қолжетімді және сапалы білім беру» – 16, «денсаулық сақтау жүйесін дамыту» – 10, «экология және биоалуантүрлілікті қорғау» – 8, «азаматтардың мүдделерін қорғаудағы әділетті мемлекет» – 30, «цифрландыру – барлық реформалардың базалық элементі» – 8, «мемлекетті басқаруға азаматтық қатысу» – 7 тармақтарды қамтиды.

Премьер-министр Үкіметтің басты міндеті – халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы дамыту және тұрақты жұмыс орындарын құру екенін атап өтті. Бюджеттік жоспарлаудың жаңа жүйесінде ұлттық басымдықтар қамтамасыз етіледі және бюджеттен тыс қорлардың қаражатын ескере отырып, «кеңейтілген бюджет» енгізіледі. Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйге қолжетімділікті кеңейту, қолайлы отбасылық-демографиялық жағдайлар жасау, экологияны, білім беру сапасын жақсарту, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар қабылданады. «Бүгін таныстырылған Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары алға қойылған міндеттерге сай келеді. Президент жоспарды бекіткеннен кейін барлық мемлекеттік органдар мен әкімдіктер оны дереу орындауға кірісуі тиіс», – деді А. Мамин.

Сегіз айдың қорытындысы бойынша экономиканың негізгі салаларында өсудің оң серпіні сақталды. Өндеу өнеркәсібінде өсім 3,3 %-ке қамтамасыз етілді, оның ішінде машина жасауда – 16,3%, тамақ өнімдері өндірісінде – 3,6%, фармацевтикада – 34,1%, жеңіл өнеркәсіпте – 11%, химия өнеркәсібінде – 3,1% және дайын металл бұйымдарының өндірісінде – 18,8%. Құрылыс көлемі 6,5%-ке артып, тұрғын үйлердің 6,4%-і немесе шамамен 8,1 млн шаршы метр пайдалануға берілді. Ауыл шаруашылығында тұрақты өсім 4,9% деңгейінде қамтамасыз етілді. Биылғы 1 тамыздағы мәлімет бойынша алтын-валюта резерві жыл басынан бері 22,2%-ке артып, $35,4 млрд құрады. ОПЕК+пен қол жеткізілген келісімдерді орындау қажеттілігі жағдайында мұнай өндірудің төмендеуі (-2,5%) байқалады. Сонымен қатар тау-кен секторының басқа маңызды бағыттары бойынша оң серпін сақталып отыр, оның ішінде көмір өндіру – 1,2%, металл кенін өндіру – 1,3% өсті. Қызмет көрсету секторында, соның ішінде көлік пен сауда саласында көрсеткіштердің төмендегені (-6,1%) байқалады. Бұл қатаң карантиндік шектеу шараларының тек 17 тамызда ғана алынуына байланысты.

А.Мамин орталық және жергілікті органдардың басшыларына қаражатты уақытылы және өз мақсатына пайдалану жөнінде шаралар қабылдаумен бюджет қаражатының тиімді игерілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды қарау барысында денсаулық сақтау министрі А.Цой уақытылы қабылданған шаралардың арқасында коронавирусқа қатысты жағдай тұрақтанғанын баяндады. Коронавирус инфекциясы мен вирустық пневмонияның тәуліктік өсуі 0,5% шегінде. Бүгінгі таңда осы инфекцияны жұқтырған адамдардың 94%-і емделіп шықты, инфекциялық ауруханалардың жүктемесі – 15%. Коронавирусқа байланысты жедел жәрдем шақыру 80%-ке дейін төмендеді. Ауруханадағы орындар санын 50 мыңға дейін арттыру мәселесі пысықталуда. Өңірлерде 12 жұқпалы аурулар ауруханасы салынып жатыр, 2 стационар қайта жөнделуде. Ауылдық жерлердегі медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Жедел жәрдем автокөліктерімен, автобустармен және барлық қажетті жабдықтармен (өкпені жасанды желдету аппараттары, оттегі концентраторлары) қамтамасыз етіледі. Аудандық ауруханаларда 132 рентген аппараты орнатылды. Биыл 1 қазанға дейін қосымша 100 жылжымалы медициналық кешен сатып алынады. Елімізде жеке қорғаныш құралдары мен дәрі-дәрмектердің жеткілікті қоры жасалды, тапшылық болмайды. Оның үстіне, тамыз айынан бері ауруханаларда вирустық инфекциядан емделу үшін халыққа тегін дәрі-дәрмек (ыстықты түсіретін, антикоагулянттар) беріліп жатыр. ПТР тестілеу мүмкіндігі артты (тәулігіне 40 мыңға дейін, 63 мыңға дейін жеткізілуі мүмкін). Вакцина сатып алу және өзімізде вакцина жасап шығару жөнінде келіссөздер өткізілді. 15 қыркүйектен бастап тұрғындарға тұмауға қарсы екпе жасалады.

«Жалпы, Үкімет тарапынан ауқымды жұмыс жүргізілуде. Қабылданған шаралардың нәтижесінде біз еліміз үшін күрделі кезеңді еңсердік және аурудың таралу деңгейін төмендету қамтамасыз етілді. Бастысы, біздегі денсаулық сақтау жүйесі коронавирус жұқтырғандарды емдеу бойынша зор тәжірибе алды. Барлық қабылданып жатқан шаралар күзде пайда болуы мүмкін пандемияның жаңа толқынына және маусымдық ауруларға қарсы күресуге жағдай жасайды. Әрине, санитарлық талаптарды қатаң сақтау керек», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы әлемдегі эпидемияның тұрақсыздығын ескеріп, вирустың қайтадан өршу мүмкіндігіне дайындық жұмыстарын жалғастыру және кейбір шектеу шараларын – қашықтан білім беруді, демалыс күндері локдаунды сақтау қажет екенін атап өтті.

ТУҒАН ЖЕР

ҚЫРЫҚ ОБА ҚОРЫМЫ

Бұл қорым Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданында орын тепкен. Ескерткіштің тұрғызылған уақыты – біздің дәуірімізге дейінгі бірінші мыңжылдықтың ортасы деліненді. Қырық оба кешенінің оңтүстік бөлігі, яғни «үлкен оба» екі ұзынша келген «батон» тәріздес обалардан құралған. Бұл обаның биіктігі – 14 метр. Ал солтүстік бөлігі бірінші кешеннен тоғыз шақырым алысырақ жатыр. Екі обадағы зерттеу жұмыстары олардың жер бетіндегі құрылыстар екенін және белгілі бір уақыт аралығында ақсүйектерді жерлеуге арналғанын көрсетті. Қабірлерден тастан, қоладан, алтыннан және сүйектен жасалған таңғажайып дүниелер табылды.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ: ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ

Халықаралық жоғары талаптарға жауап беретін үлгі керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына, оларды қылмыстық құдалауға негізсіз тартуды тоқтатуға, сот әділдігінің сапасына ерекше мән берді.

Мемлекет басшысы еліміздегі бүгінгі ахуал құқық қорғау органдарының алдына азаматтардың сұраныстарына ықылас танытуға тиіс жаңа талаптар қоятынын атап көрсетті.

Осыған орай, Президент құқық қорғау және сот жүйесін одан әрі реформалау бойынша тапсырмалар берді. Бұл мемлекеттілігімізді нығайтудағы маңызды қадам деп санаймын, өйткені күш құрылымдарындағы реформа Қазақстандағы бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың маңызды бөлшегінің драйвері болмақ.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайтынын атап көрсетті.

Құқық қорғау жүйесін реформалау «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының ережелерімен үйлесімдікте болуға тиіс екенін атап өткен де маңызды. Өйткені «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз, ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет.

Еліміздегі қазіргі ахуалды ескере отырып, полицияның азаматтармен жұмыс жүргізуіне жаңа, озық әдістер енгізілетін болады. Мемлекет басшысының айтуынша, бізге азаматтардың құқығын уақытылы қорғауды қамтамасыз ететін және халықаралық жоғары талаптарға жауап беретін үлгі керек.

Біріншіден, Президент Қазақстанда өкілеттіктердің аражігі нақты ажыратылған үш буынды модель ендіруді тапсырды: полиция – прокурор – сот, ол тежемелік және тепе-теңдік жүйесін пайдалана отырып, билік тармақтарының өзара нақты іс-қимыл жасауына мүмкіндік береді.

Екіншіден, «жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша жергілікті полиция қызметі реформаланады, бұл жерде учаскелік инспектордың рөліне баса мән берілетін болады. Олардың мәртебесі заңнама арқылы арттырылып, өнімді жұмыс істеулері үшін мол мүмкіндік беріледі. Бұл жердегі басты мақсат – полицияның жұмысын сервистік үлгіге көшіру, яғни полиция қызметкерлері азаматтардың құқықтарын қорғап, олардың алдында танымал, қолжетімді болып, адамдармен ашық әңгіме жүргізе білуге тиіс.

Үшіншіден, прокуратура органдарының жұмысы қайта қаралатын болады. Оның мәні – жинақталған дәлелдерге тәуелсіз баға беру, азаматтардың құқықтарының бұзылуына жол бермеу, адал азаматтардың қылмыстық процеске тартылуын болдырмау, сотта кінәлаушы тарапты қолдау болып табылады.

Бұдан басқа, 2021 жылдан бастап прокурорға қылмыстық істер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысы бар негізгі процестік шешімдерді келісу міндеті заңнама арқылы жүктелмек.

Сонымен бірге, Президент сот жүйесін назардан тыс қалдырған жоқ, құқықтық мемлекеттің маңызды шарты – туралықтан танбайтын әділ сот төрелігінің болуы екенін атап көрсетті. Қоғамның сотқа деген сенімін күшейту басты мақсат болуға тиіс.

Жоғары сот кеңесіне және Жоғарғы сотқа жаңа кәсіпқой кадрларды әділ сот төрелігін қамтамасыз етуге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып тарту жұмысын жандандыру тапсырылды.

Тұтастай алғанда, Жолдауда Үкіметтің алдына белгіленген міндеттерді шешудегі нормативтік-құқықтық базаны қамтамасыз ету үшін қабылдануға тиіс бірқатар заңдарды әзірлеу бойынша нақты міндеттер қойылды. Депутаттық корпус өз кезегінде, Мемлекет басшысының барлық тапсырмаларын іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қолдауды сапалы әрі шұғыл түрде қамтамасыз ететін болады.

Нұрлан ӘБДІРОВ,
Парламент Сенаты
төрағасының орынбасары

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Жергілікті өнімдер пайдаланылады

Ақ Жайық өңіріндегі құрылыс саласының «еңбекторысы» «Айдана» ЖШС-ның атауы ел-жұртқа жақсы таныс. Серіктестіктің жол құрылысындағы тірлігіне 10 жылдан асты. Компания жол жөндеу, аулаларды абаттандыру жұмыстарын жүргізумен қатар жол құрылысына қажетті кейбір материалдарды өздері өндіріп, құрылыста пайдаланып жүр.

– Мына құрылғыны Ресейден алдық, онда күніне 600-700 дана өрнектас, 300-350 дана жиектас, 500 дана жиектас-порбрик өндіріледі. Қазіргі індетке байланысты компания сақтық шараларын қабылдады. Соған орай жол құрылысына жұмыс күші жетпей қалатын кездер болады. Сол себепті өндірістік цехымыздың жұмысын уақытша тоқтаттық. Қазір цехтағы жұмысшылар жол құрылысы жұмыстарына қолғабыс тигізуге кетті. Әзірге қоймамызда құрылыс материалдары қоры жасақталған, – деді аталмыш серіктестіктің бас инженері Гурген Амирханян.

«Айдана» ЖШС-ның өндірістік базасында өндірілген құрылыс материалдары ауыл- аудандарда ауылішілік жолдарды жөндеу жұмыстарына, қаладағы аулаларды абаттандыруға пайдаланылады. Қазір өндіріс ошағына он шақты адам еңбек биржасынан жұмысқа тартылған. Жалпы серіктестік ұжымында 150 адам еңбек етсе, соның 80-і еңбек биржасынан. Сырттан жұмысқа тартылған жұмысшылардың басым көпшілігі аудан-ауылдарда жол құрылысында тер төгіп жүр.

Биыл «Айдана» компаниясының құрыш қолды құрылысшылары Тасқала, Шыңғырлау, Сырым (Тоғанас аулында) және Казталов аудандарында (Жалпақтал ауылында) жол жөндеумен айналысуда. Оралда 6 ауланы абаттандыру жұмыстары аяқталып келеді. Серіктестік аулаларды абаттандыру жұмыстарына өздерінің сапалы өнімдерін пайдаланған.

– Біз өнімдерімізге сапа сертификатын алып отырамыз. Құрылыс материалдарын өзіміз өндіріп, құрылыста өзіміз пайдаланамыз. Сондықтан өнім өндіруші ретінде өнім сапасына қатты мән береміз. Жол құрылысы жұмыстарына 5-7 жылға, аулалардағы жұмыстың сапасына екі жылға сенімімен кепілдік береміз. Бірақ әлі күнге дейін сенімімізге селкеу түскен жоқ, – деді Гурген Амирханян.

Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
Орал қаласы

Қым-қуыт тірлік қызған шақ

Бүгінде Ақ Жайық өңіріндегі жаздық егін алқабының 72%-ы, яғни 108 мың гектары орылды. Күзгі жиынтерім әрі қарай жалғасуда. Сонымен қатар алдағы жылдың ырыздығы – күздік дақылдар егілуде.

ГҮЛБАР ДЫБЫСҚАЛИ

Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқарамасы ұсынған мәліметке сүйенсек, биыл өңір бойынша егілген дәнді дақылдар алқабы 233 мың гектарды (күздік дәнді дақылдар – 81 мың га, жаздық дәнді дақылдар – 152 мың га) құрады.

Майлы дақылдар 123 мың гектар жерге егілді. Оның ішінде күнбағыс 54 мың гектарды, мақсары 67 мың гектарды құрайды. Биыл майлы дақылдар алқабы өткен жылғы егістік ауданымен салыстырғанда 44 мың гектарға артық егілген. Сондай-ақ картоп, көкөніс-бақша дақылдары 9,2 мың гектарға отырғызылды. Жіліктеп көрсетер болсақ, картоп 4,1 мың гектар, көкөніс 3,4 мың гектар, бақша дақылдары 1,7 мың гектар алқапта өсірілуде.

Қазіргі уақытта 80 мың гектар күзгі дәнді дақылдар толықтай орылып, әр гектарынан орташа өнімділікпен 21 центнерден 168 мың тонна астық алынды.

Тамыздың соңы онкүндігіндегі мәлімет бойынша өңірде жиналатын 151 мың гектар жаздық дәнді дақылдардың 108 мың гектар алқабы орылып, гектарынан орташа өнімділікпен 5,6 центнерден 60 мың тонна астық жиналды. 2019 жылдың сәйкес мерзімінде 251 мың гектар дәнді дақылдар алқабынан әр гектарынан орташа 9,9 центнерден 242 мың тонна өнім алынған. Сондай-ақ облыс аумағында картоп, көкөніс және бақша дақылдарын жинау жұмыстары жалғасып жатыр.

Қазіргі уақытта облыста 4081 гектар алқапқа отырғызылған картоптың 420 гектары немесе 10%-ы жиналып, әр гектарынан орташа өнімділікпен 139 центнерден 5825 тонна өнім алынды. Картоп жинау жұмыстары Бәйтерек, Теректі, Тасқала және Орал қаласы маңындағы шаруашылықтарда қарқынды жүруде.

Диқан қауымы келесі жылдың ырыздығы – күздік дақылдарды егу жұмыстарын бастады. Облыс бойынша 86 мың гектарға күздік дәнді дақылдар егу жоспарланды, оның ішінде күздік бидай 72 мың гектар, күздік қара бидай 14 мың гектар болады. Бүгінгі таңда облыстағы аудандардың ұсынған жедел ақпараты бойынша 19 мың гектар алқапқа (23%) күздік дәнді дақылдар егілген. Соның ішінде күздік бидай 18 мың гектарды, күздік қара бидай 1 мың гектарды құрайды. Өңірде егін ору, күздік себу және мал азығын дайындау секілді қым-қуыт тірлік қызған шақ.

Батыс Қазақстан облысы

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

S&P Global Ratings

Экономикамыз тез қалпына келеді деп болжайды

Әлемдегі әйгілі S&P Global Ratings агенттігі Қазақстанның тәуелсіз кредиттік рейтингін «BBB» деңгейінде, «тұрақты» болжамымен растады. Бұл туралы ҚР ұлттық экономика вице-министрі Жасұлан Мәдиев мәлімдеді, деп хабарлады ведомствоның Баспасөз қызметінде.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан рейтингі елдің қазыналық ұстанымының тұрақтылығымен айрықшаланады, соның ішінде Ұлттық қорда жинақталған қаржылардың және сыртқы қарыздардың деңгейі төмендігінің арқасында да, Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикаға пандемия тарапынан көрініс берген жайсыз жағдайларды тежеуге бағытталған шаралардың іске қосылуы, сондай-ақ биліктің сабақтастығы есебінен мемлекеттік институттардың іс-қимылындағы тұрақтылықтың жоғары деңгейі және болжамдылығы арқасында да ерекшеленіп отыр.

Беделді рейтингтік агенттік, басқа да алдыңғы қатарлы халықаралық қаржы институттарымен бірге, ұлттық экономикамыздың тіпті таяу мерзімдік келешекте-ақ шұғыл қалпына келетінін болжайды – өсімнің орташа қарқыны 2021-2023 жж. 4%-ды құрайды, дейді олар.

trend news agency

Әзербайжаннан 16,5 млн доллардың өнімі экспортталған

Әзербайжандық өнімнің Қазақстанға экспорты 2020 жылдың алғашқы жеті айында 16,5 миллион АҚШ долларын құраған, бұл өткен жылдың осындай кезеңінің көрсеткішінен 14,4 пайызға артық, деп хабарлайды ағылшын тіліндегі жарияланымында Trend агенттігі Әзербайжанның Мемлекеттік кеден комитетінің статистикалық бюллетеніне сілтеме жасап.

Бюллетень дерегіне сәйкес, Қазақстан Әзербайжаннан өнімдерді, өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда, 2,08 миллион долларға артық сатып алған. Әзербайжанның жалпы экспортындағы Қазақстанның үлес салмағы да жиынтық көлемде 0,12 пайыздан 0,18 пайызға дейін өскен.

Айта кету керек, қазақстандық өнімнің Әзербайжанға экспорты, бір жылға шаққанда 144,09 миллион доллардан 48,22 миллион АҚШ долларына дейін, яғни, 3,5 есеге жуық қысқарған. Әзербайжанның жалпы импортындағы Қазақстанның үлестік қатынасы жиынтық көлемдегі 1,71 пайыздан 0,82 пайызға дейін қысқарып кеткен.

THE WORLD UNIVERSITY RANKINGS 2021

3 қазақстандық ЖОО – әлемдік рейтингте

Британиялық Times Higher Education басылымы – жоғары оқу орындары іс-қимылының сапасын бағалау саласындағы көшбасшы, жуырда үздік зерттеу университеттерінің әлемдік рейтингін жариялады.

Әлемнің үздік ЖОО-лары ондығы қатарында – Оксфорд, Стэнфорд, Гарвард университеттері, Калифорния технология институты, Массачусетс технология институты, Кембридж, Берклидегі Калифорния университеті, Йель, Принстон және Чикаго университеттері.

Times Higher Education World University Rankings-дің 2021 жылғы рейтингіне 3 қазақстандық ЖОО: Satbayev University, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті енген. Үш университет те рейтингте 1000+ рейтингтік орындар деңгейінде. Биыл рейтингке 93 елден барлығы 1527 оқу орны кірген екен.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ БҰРЫНҒЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚАЛДЫ

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 9 пайыз деңгейінде қалдырды.

Ұлттық банк базалық мөлшерлемені пайыздық дәлізді +/-1,5 п.т. сақтай отырып, жылдық 9% деңгейінде сақтау жөнінде шешім қабылдады. Тиісінше, өтімділікті беру жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 10,50% және өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме – 7,50% болады.

Реттеуші бұл шешім қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада инфляция тәуекелдерінің теңгерімі ескеріле отырып қабылданғанын хабарлайды. «Проинфляциялық тәуекелдер әлсіз тұрақтандырылған инфляциялық күтулермен, Ресейге қатысты санкциялық риториканың үдеуі аясында қаржы нарықтарындағы тұрақсыздықтың артуымен, мұнай сұранысының мейлінше баяу қалпына келуін күтумен, фискалдық және квазифискалдық шаралармен экономикалық белсенділікті одан әрі ынталандыру тәуекелімен көрінеді. Бұл ретте экономикалық белсенділіктің қысқаруына, тұтынушылық сұраныстың баяулауына және әлемдік нарықтардағы азықтүлік бағасының күтілетін төмендеуіне байланысты дезинфляциялық факторлардың да ықпалы байқалады», делінген хабарламада.

Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі инфляциялық үдерістердің серпінін бақылауды сақтауға және жылдық инфляцияның орта мерзімді кезеңде бірқалыпты баяулауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ұлттық банк инфляция серпініне әсер ететін ішкі және сыртқы факторларға мониторинг жүргізуді жалғастырады. Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 26 қазанда жарияланады.

▶ НАРЫҚ

АЛДАҒЫ ЖЫЛҒЫ ДАМУ БАРЫСЫНА БОЛЖАМ

Ұлттық банк алдағы жылғы мұнай бағасына болжам жасады.

2021 жылдың соңына дейінгі экономикалық даму болжамдары туралы Ұлттық банк тәрағасының орынбасары Ақылжан Баймағамбетов: «Экономикамыздың құрылымын ескере отырып, мұнай бағасы экономикалық белсенділік пен инфляциялық үдерістердің ағымдағы және болашақ серпінін анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Карантиндік шектеулердің алынып тасталуы аясында өндіріс көлемін шектеу және энергия ресурстарына сұраныстың артуы бойынша ОПЕК+ келісімін орындау мұнай бағасының өсуін негізінен қалпына келтірді» , – деп атап өтті.

Халықаралық агенттіктер болжамы бойынша, Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2020 жылдың аяғына дейін барреліне 40 долларға, 2021 жылы 45 долларға көтеріледі. «Дегенмен, әлемдік шикізат нарығындағы сұраныс пен тұрақсыздық әлі де сақталып отыр. Мысалы, Ирактың қиын қаржылық жағдайына байланысты ОПЕК+ келісімі бойынша міндеттемелер орындалмауда. Қытайдан мұнайға деген сұраныс аздап төмендеді. Сондықтан біз «2020 жылдың тамыз-қыркүйек» болжамды раунды шеңберінде консервативті тәсілді ұстанамыз және Brent маркалы мұнай 2020-2021 жылдарда орта есеппен барреліне 40 доллардан бағаланады», – деді ол.

Экономикаға мұнай бағасымен қатар, Қазақстанның сыртқы саудадағы серіктес елдеріндегі экономикалық белсенділік пен инфляция, әлемдік тауар нарықтарындағы ахуал да әсер етеді. Ішкі факторлар ретінде экономика салаларындағы ахуал, халықтың кірісі, еңбек нарығы және ақша-несие көрсеткіштері қарастырылады.

▶ КАПИТАЛ

БИЗНЕСТІ КРЕДИТТЕУ ШАРАЛАРЫ

Банктердің меншікті капиталын есептеуге қойылатын талаптар жеңілдейді.

Президент Жолдауында алға қойылған міндеттерді іске асыру шаралары қаралған үкімет отырысында қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова: «Мемлекет басшысы екінші деңгейдегі банктердің өтімділігін бизнесті кредиттеуге бағыттау жөнінде шара қабылдауды тапсырды. Кәсіпкерлерді кредиттеуді ынталандыру үшін агенттік осыған дейін банктердің капиталы мен өтімділігін босату мақсатында реттеуді уақытша әлсіретті. Атап айтқанда, 30 қыркүйекке дейін шағын және орта бизнес кредиттері мен синдикатталған кредиттер бойынша сараланған тәуекелді азайту есебінен банктердің меншікті капиталын есептеуге қойылатын талаптар жеңілдетілді. 2021 жылғы 1 шілдеге дейін екінші деңгейдегі банктер капиталының консервациялық буферіне қойылатын талап 1 пайыздық тармақка төмендетілді. Банктер өтімділігінің коэффициенті бойынша талаптар жеңілді», – деп баяндады.

Агенттік басшысы атап өткендей, бұл банктердің 468 млрд теңге мөлшеріндегі капиталын және 1,8 трлн теңге мөлшеріндегі өтімділігін босатуға мүмкіндік берді. «Экономиканы кредиттеуді ынталандыру үшін агенттік Ұлттық банкпен бірлесіп, қосымша шараларды, оның ішінде пруденциялық уақытша реттеу шаралары мерзімін ұзартуды қарастыратын болады», – деді М.Әбілқасымова.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ПРЕЗИДЕНТ&ҮКІМЕТ

Мұнай-газ, химия саласына $15 млрд салынады

> [1]

Арнайы аймақта мұнай-газ химиясы өндірісін дамытуға арналған бірыңғай алаңды құру инфрақұрылымды салу, шикізатпен қамтамасыз ету, көлік шығыстары бойынша шығындарды едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді, бұл өз алдына іске асырылып жатқан жобалардың экономикалық тартымдылығын айтарлықтай жақсартады. «Ал ірі жобаларға тоқталатын болсақ, бүгінгі таңда қуаты жылына 500 мың тоннаны және құны 2,6 млрд долларды құрайтын полипропилен өндіру жөніндегі газхимия кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Жобаны аяқтау мерзімі – 2021 жылдың соңы», – деді ведомство басшысы.

Бүгінде министрлік Полиэтилен өндіру жобасын іске асыру үшін зәкірлі инвесторды тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр.

Мұнай өнімдері және электр энергиясы саласындағы биржалық сауданы тәртіпке келтіру, сондай-ақ бәсекелістікті одан әрі дамыту бойынша Президенттің берген тапсырмаларын орындау мақсатында келесі шаралар ұсынылады: өнімдерді арнайы тауар биржасы арқылы кезеңкезенімен сатуды жүзеге асыру үшін электрондық сауда алаңдарына және тауарлық биржаға қойылатын талаптарды әзірлеу; электр энергиясы нарығында бәсекелестікті дамыту мақсатында энергия өндіруші ұйымдарды электр энергиясын орталықтандырылған сауда алаңы арқылы өткізуге міндеттейтін заңнамалық актілерді қабылдау; электр энергиясын жеткізушілерді еркін таңдау құқығын қамтамасыз ету мақсатында тұтынушыларды қызмет жеткізушілермен байланыстыратын бірыңғай цифрлық платформаны құру; бизнес ахуалды жақсарту үшін бизнес субъектілерін электрмен жабдықтау жүйесіне қосуға арналған «бір терезе» қағидатын әзірлеу. Бұл шара электр желілеріне қосу рәсімдерін оңайлатуға мүмкіндік береді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға міндеттемелерінің жыл сайынғы орташа сомасы шамамен 9 млрд теңгені құрайды.

ҚР Энергетика министрлігі жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатын жинауды орталықтандыру және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға қаржыны ашық бөлу үшін келесіні ұсынады: көмірсутектер мен уран саласында ұлттық ғылыми кеңес құру; ҚР Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйесі негізінде жер қойнауын пайдаланушылардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын қаржыландырудың барлық тізбегін оңтайландыру және автоматтандыру.

Н.Ноғаевтың айтуынша, мұнай және газ конденсатын есепке алу ақпараттық жүйесін енгізу мұнайды өндіру, өңдеу және тасымалдауды есепке алуды автоматтандыруға, сондай-ақ талаптарды орындауға мониторингті автоматтандыруға мүмкіндік береді. «Энергетика министрлігі өнеркәсіп және ақпараттық технологиялар саласындағы ынтымақтастықты одан әрі қалыптастыру мақсатында шетелдік инвесторлармен бірлесіп құрылатын жергілікті қамтуды дамытуға тікелей инвестициялар құру, сондай-ақ жалпы шығындардың 1% мөлшерінде цифрландыруға жер қойнауын пайдаланушылардың салықтары мен шығындарынан босататын нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау бойынша жұмыстар жүргізуде», – деді энергетика министрі.

«Жасыл экономиканы» дамыту тұжырымдамасы аясында 2050 жылға қарай тұтынатын энергияның 50%-ы жаңартылатын энергия көздерін қоса алғанда, баламалы энергетика есебінен жабылуы тиіс. Экологиялық таза энергия көздерін дамытуды ынталандыру үшін баламалы энергетиканы қолдау жөніндегі жаңа заң қабылдау жоспарланып отыр. «2019 жылы мұнай-газ саласында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі шамамен 7 трлн теңгені құрады. Ірі жобалардағы жиынтықты жергілікті қамту шамамен 39%-ды құрады. Бұл ретте жергілікті өндіріс тауарларының көлемі шамамен 10%-ды құрады. Энергетика министрлігінің жұмысы Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ сияқты ірі мұнай-газ жобаларындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға бағытталады», – деді Н.Ноғаев.

Қазіргі уақытта министрлік мұнай-газ секторы нарығындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға мүмкіндік беретін екі бастаманы іске асыруда. Оларды жақын арада жүзеге асыру жоспарланып отыр. Бұл – жергілікті қамту қорын және мұнай-газ машиналарын жасау мен сервисті дамытудың халықаралық орталығын құру. «Аталған орталық жұмысының мақсаты – ҚР мұнай-газ саласы үшін тауарлар/көрсетілетін қызметтер өндірісін жергіліктандыру. Атап айтқанда, жаңа өндірістер мен сервистік орталықтарды ашу, сондай-ақ жұмыс істейтін отандық тауар өндірушілердің мүмкіндіктерін кеңейту. Бұл орталық операторлар қажеттілігі үшін көрсетілетін қызметтер мен тауарлар өндірудегі және жеткізудегі жергілікті тауар өндірушілердің/сервистік компаниялардың олқылықтарын жоюға мүмкіндік береді», – деп түйіндеді Нұрлан Ноғаев.

▶ АӨК: ЖАҢА КЕЗЕНДЕГІ ІС-ҚИМЫЛ

Жер қатынастарын цифрландыру: Бюрократия мен жемқорлықты жоюға мүмкіндік береді

Ауыл шаруашылығы дамуын жолға қоймайынша, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес. Мемлекет басшысы 1 қыркүйекте жарияланған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында аграрлық саладағы шешімін күткен өзекті мәселелер мен маңызды міндеттерді атап көрсетті. Осыған орай Үкіметтің баспасөз орталығында өткен дүйсенбі күнгі брифинг барысында ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Жолдау жүктеген міндеттер мен тапсырмаларды іске асыру шаралары туралы айтып берді.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Аграрлық сектор алдында тұрған басты міндеттер – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен елді толық қамтамасыз ету, миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру. еңбек өнімділігін екі жарым есе көбейту, өнім экспортын екі есе арттыру. Осы ретте баспасөз мәслихатында ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаровқа бірқатар маңызды сұрақ қойылды. Оның бірі – коронавирусқа байланысты шектеулер жағдайында өтіп жатқан биылғы жыл астық түсімінің қалай болмағына деген алаңдаушылық еді.

Министр биыл жиналатын астық көлемі 18 млн тонна деңгейінде жоспарланып отырғанын, бұл еліміздің ішкі қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін айтты. Қазіргі таңда Жамбыл облысында дәнді дақылдар жинау науқаны мәрегге жеткен болса, Түркістан және Батыс Қазақстан облыстарында аяқталуға жақын. Жедел деректерге сәйкес, бұл күнде республика бойынша барлығы 9,9 млн га дәнді және бұршақты дақылдар алқабы жиналды, бұл жалпы егістіктің 63% (былтыр осы кезеңде 5,1 млн га немесе 34% жиналды). Орташа өнімділік гектарына 11,7 центнерден айналып, 11,5 млн тонна астық бастырылды (2019 жылы – 5,8 млн тонна).

2020-2021 маркетингтік жылға арналған экспорттық әлеует ұнды қоса алғанда шамамен 7 млн тонна құрайды. Осы ретте министр жаңа егіннің түсімі мен сапасына байланысты экспорт көлемін 7,5-8 млн тоннаға дейін ұлғайтуға болатынын атап өтті. Экспорт бағытында дәстүрлі нарықтар қамтылады. Яғни астық біздің негізгі серіктес елдер – Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Ауғанстан және Иран мемлекеттеріне тасымалданады. Сондай-ақ Қытайға астық пен ұн экспорты көлемін арттыру көзделіп отыр. Министр атап өткендей, биыл 18 млн тонна жиналады деп күтіліп отырған астықтың тиісті бөлігі осы нарықтарға жөнелтілетін болады.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша агроөнеркәсіп кешені өнімдері әлемнің 67 еліне жөнелтіліп, экспорт көлемі 3,2 млрд доллар сомаға 14,4 млн тоннаны құрады. Ведомство басшысы АӨК өнімдеріне ветеринарлық және фитосанитарлық карантиндік талаптарды ҚХР, ЕО, Парсы шығанағы елдерімен, Иран, Жапония және Үндістанмен келісу жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатқанын айтты. Сонымен қатар Еуропалық одақпен қазақстандық бал, ет және сүт өнімдерін жеткізуге байланысты ветеринарлық талаптарды келісу бойынша келіссөздер жүргізілуде. «Қазіргі таңда ЕО елдеріне бал өнімдері мен өңделген күнбағыс майы экспортын ұлғайту карастырылуда. Сондай-ақ Жапонияға жылқы және сиыр етін экспорттау көзделіп отыр, Қытай мен Таяу Шығыс елдеріне де экспортты ұлғайтпақпыз. Бүгінде біз 67 елге өнім шығарып отырған болсақ, жыл соңына қарай олардың қатары 80-ге жетеді деп ойлаймын», – деді С.Омаров.

Бұдан кейін министр жер қатынастарын цифрландыру жұмыстары қалай жүргізіліп жатқанына тоқтала келіп, қазіргі таңда жерді электрондық форматта беру туралы заң жобасы әзірленіп жатқанын хабарлады. Бұл ретте жер комиссиясы алынып тасталады, қағазсыз қызмет көрсету енгізіледі, жер учаскелерін беруді коммуналдық қызметтермен келісу рәсімі автоматтандырылады. Цифрландырудың арқасында жер телімдерін беру мерзімдері айтарлықтай қысқарады, мысалы, жер учаскесін тікелей беру бойынша жалпы мерзім 1 жылдан 30 күнге дейін қысқарады. Өз кезегінде коммерциялық мақсаттарға арналған жер учаскелері Қаржы министрлігінің электрондық сауда алаңы арқылы өткізілетін сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) беріледі. Кез келген азамат жер учаскесін аукционға қатысу арқылы жария картада таңдап алу мүмкіндігіне ие болады.

Агроөнеркәсіп кешенін цифрландыруға қатысты жоспар көп. Осы тұрғыда министр үш негізгі мәселеге тоқталды. «Біріншісі – жер қатынастарын цифрландыру. Бұл ретте Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірге тиісті заң жобасы әзірленіп, оған сәйкес жер аумақтарының бәрі цифрландырылады. Жалпы қазір ауыл шаруашылығы жерлерінің барлығы да цифрландырылып қойғанын атап өту керек. Енді кезекте барлық жерді осы әдіспен цифрландырамыз. Заң жобасы қабылданғаннан кейін жердің бәрі электронды форматта берілетен болады», – деді Сапархан Омаров.

Бұл, ең алдымен, адам факторын, бюрократия мен сыбайлас жемқорлықты жою, жер учаскесін алуға қатысты түскен өтінімдерді қарау мерзімін қысқарту мүмкіндігі тұрғысынан маңызды болмақ. «Екінші мәселе – ауыл шаруашылығы өнімдерін бақылау. Қазір IT-компаниялардың бірі осы мәселеге қатысты жоба әзірлеуде. Үшінші – ауыл шаруашылығы өнімдерінің электрондық саудасына басымдық беру», – деді министр.

Ал әлеваторлардың жұмысын цифрландыру олардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, астықты ұрлау және ысырап ету фактілерінің алдын алуға мүмкіндік береді. Келтірілген ақпаратқа сәйкес, бүгінде республикамызда 40-қа жуық элеватор технологиялық тұрғыда астықты автоматты тазалап, кептіру жүйелерімен және электрондық таразылармен жарақтандырылған, сондай-ақ зиянкестердің залалдауын бақылау жүйесі орнатылған. Қоймалауды автоматты есепке алу жүйесін енгізу қолға алынған. «Елімізде астық қабылдау кәсіпорындары қызметінің ашықтығын арттыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Міне, екі жылдан асты, электрондық астық қолхаттары жұмыс істеп келеді, олар элеваторларда астықты қосып тіркеуге жақсы тосқауыл болады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасады. Қазіргі таңда он шақты АТ-компания өз бағдарламаларын әзірлеп жатыр. Солардың ішінен ең тиімдісін таңдап аламыз. Бұл жерде цифрландыру астық қабылдау кәсіпорындарына қосымша қаржылық шығындар әкелетінін түсіну қажет, сондықтан бұл мәселені бизнеспен бірлесіп талқылау қажет», – деп түйіндеді Сапархан Омаров.

ТРАНСФОРМАЦИЯҒА – 5 ЖЫЛ

Самұрық-Энерго: Өзгеріс өзіңнен басталады

> [1]

2019 жылы Трансформация бағдарламасы цифрландыруға бағыт алғаны мәлім. Атап айтқанда, өндірістік қуаттылықты арттыру үшін цифрлық шешімдерді қолдануға назар аударылып, тәсілдер қайта қаралды.

«Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Бақытжан Жоламанов экономикалық әсер әкелетін жобалар мен іс-шараларды әзірлеу міндетін қойды, сондай-ақ холдингтің кезкелген қызметкері ұсына алатын жаңа идеялар жинағын бастады. Трансформация басқармасы мен цифрландыру кеңсесі «Самұрық-Энерго» АҚ цифрлық трансформация бағдарламасының жобалары мен іс-шараларын қалыптастыру бойынша аукымды жұмыстар жүргізді.

Компаниядағы трансформация жетекшілерінің бірі, бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор Еділ Көпенов: «Өзгерістерді жүзеге асыруға деген ұмтылыс қызметкерден туындауы керек. Трансформациялау кеңсесі – нәтижеге қол жеткізуге көмектесетін әкімші. Көбінесе өндірісте тікелей жұмыс істейтін қызметкер ғана «бөтелкенің мойны тар болса», сезіп, біле алады. Трансформация үнемі, үздіксіз жетілдіріліп отырады. Біздің міндет – өңірлерде компанияларды дамуға үйрету, қызметкерлерді немқұрайлы болмауға, белсенділікке баулу», – дейді.

Ағымдағы жылдың қазан айында холдингтің барлық еншілес компаниялары дайындауға қатысқан жобалардың жаңартылған портфелі құрылады. Мұның алдында барлық еншілес және тәуелді ұйымдармен байланыс орнатылды, идеялар мен ұсыныстарды жинау арналары кеңейтілді, 60-тан астам әлеуетті жобалар мен іс-шаралардың орындылығы мен экономикалық тиімділігі талданды. 15 жоба іріктеуден өтіп, жаңғырту кеңесі мүшелерінің қарауына жіберілді. Жаңартылған жоба портфельдерінің 10 бизнес-ұсынысын кейіннен жүзеге асыру үшін бюджет пен басқа ресурстарды бөлу мүмкіндігін қарастыру туралы шешім қабылданды. Қоржынға енбеген 5 жобаны цифрлық трансформация бағдарламасынан тыс жедел қызметте жүзеге асыру жоспарлануда.

«Идеялар мен ұсыныстар үнемі түсіп отыруы, жобалар қоржыны әрдайым жаңартылып, толықтырылып отырылуы керек. Біз әрі қарай да компания табысының өсуіне әсер ететін жаңа жобаларды талқылауға ашық болуға ниеттіміз», – дейді Самұрық-Қазына қорының цифрландыру және трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Керейбаев.

Трансформациялау кеңсесі цифрландыру кеңсесімен бірге компанияның барлық ішкі процестерін үнемі жақсартуды қамтамасыз етеді. Тұтастай алғанда, бағыт-бағдар – өзін-өзі үнемі жетілдіру мәдениетін дамыту мен нығайтуға қойылады.

COVID-19

Дәрі-дәрмек дер кезінде жетуде ме?

> [1]

Оған СҚ-Фармация базасында кедендік және шекара қызметтерінің, Азаматтық авиация комитетінің, көлік-логистикалық нарықтың қатысушылары – Air Astana, SCAT, Қазпошта, ҚТЖ, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының халықаралық әуежайлары, ҚазАТО, Қазақстан көлік қызметкерлері одағы бірлесе кіріскен. Атқарылып жатқан жұмыстар мен проблемалар «Магистраль» сарапшылық кеңесінде назарға алынуда.

СҚ-Фармация басқарма төрағасы Ерхат Есқалиевтің айтуынша, компанияның логистикалық тізбегі тиімділіктің ең жоғары деңгейіне шығу үшін шұғыл әрекет етуді талап етеді, бұл ретте қолда бар логистикалық қуатты максималды деңгейге шығару көзделген. СҚ-Фармация үшін еліміздің әрбір бұрышына дәрі-дәрмек жеткізуде логистикалық тізбекті қамтамасыз ететін компаниялар қосымша шаттлдарды іске қосуда, суық тізбектің талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сектор үшін тегін дәрі-дәрмек жеткізуге тартылған автопарктерді ұлғайтуда. Дәрі-дәрмек жөнелтуді жедел ұйымдастыру үшін қоймалар жұмыстың 24/7 форматына көшкен.

Қазіргі күні ауруханаларда аса қажет елге келіп түсетін дәрілік препараттары мен медициналық бұйымдары бар жүктерді жедел қабылдау үшін әуежайлардың басқарушы компаниялары қолдау көрсетуге дайын. Енді елге келетін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған барлық жүктер, мейлі ол гуманитарлық көмек немесе медициналық препараттарды жоспарлы түрде жеткізу болсын, қажетті процедуралар мен кедендік тазартудан кідіріссіз өтіп, медициналық мекемелерге бірден жеткізіледі. Он екі сағаттың ішінде гуманитарлық көмек әкелуге рұқсат ететін құжаттар беріледі. Кеден және шекара қызметінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін келетін жүкті жедел рәсімдеу мәселелеріне жетекшілік ететін және үйлестіретін жауапты тұлғалар анықталған. Бұл шараның елеулі әсері байқалады. Еліміздің барлық өңірлерінде дәрі-дәрмекке деген өткір қажеттілікті ескере отырып, әкімдіктердің, азаматтық авиация комитетінің және қазақстандық әуе компанияларының қолдауымен шұғыл қажеттілік кезінде әуе қатынастары тарапынан дәрі-дәрмекті жедел тасымалдау мүмкіндігі қарастырылды. Air Astana және SCAT өкілдері дәрі-дәрмекті авиакөлікпен жедел жеткізу қажет болған жағдайда ынтымақтастық туралы өз ұсыныстарын жеткізуде. Пандемияның екінші толқынына дайындық негізінде әуе компанияларымен қажет болған жағдайда дәрі-дәрмекті әуе арқылы жеткізу туралы келісім жасалды. Азаматтық авиация комитеті сондай-ақ тиісті бағыттарда борттары болған кезде дәрілік препараттарды жедел тасымалдау мүмкіндігі үшін тиелгенге дейін ішкі және сыртқы тасымалдардың тізімін бере отырып, жәрдем көрсетуге дайын.

KAZLOGISTICS сайтында көлік компанияларымен кездесу өткізіліп, олар аймақтарға дәрі-дәрмек пен медициналық техниканы жеткізуге көмектесуге дайын екендіктерін білдірді. Air Astana медициналық жүктерді тасымалдау үшін Боинг 676 қайта жабдықтауға, SCAT – дәрі-дәрмек жеткізуге арналған шағын ұшақтарды ұсынуға дайын. Қазпошта 25 автокөлік беруге әзір, ҚазАТО-да 1500 рефрижератор бар, KTZ Express дәрі-дәрмектерді уақытша сақтау қоймасы ретінде 400-ден астам тоңазытқышпен қамтамасыз ете алады. Сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Ақтөбе қалаларында қажетті температуралық режимі бар уақытша сақтау қоймаларының болуы пысықталуда. Барлығы осындай 15 уақытша сақтау қоймасы бар.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомство өкілдері мен қоғамдық белсенділер дәрі-дәрмектің таралуын қатаң қадағалауда. Дәрі-дәрмек жеткізудің бүкіл логистикалық жүйесі қайта іске қосылып, аймақтардағы қоймалар тәулік бойы жұмыс істеуге көшкен. Қазір өңірлерде дәрі-дәрмектің бір айлық қоры, СҚ-Фармация қоймаларында екі айлық қоры құрылды. Сондай-ақ басқару жүйесін автоматтандыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Енді онлайн режимінде стационарлардағы дәрі-дәрмек қалдығын бақылауға болады.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ

ЕГІН ОРАҒЫ ӘДЕТТЕГІДЕН ЕРТЕ БАСТАЛДЫ

Қарағанды облысының диқандары егінге орақ салды.

Егін орағы басталысымен Осакаров және Нұра аудандарына барып, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен кездескен облыс басшысы Жеңіс Қасымбек науқан барысымен танысып, күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қандай көмек қажет екенін талқылады. Биылғы науқанда өңірдегі 33 ірі шаруашылық резервтік қорға 36 мың тонна астық жөнелтеді, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6 мың тоннаға артық. Ол өз кезегінде көктемде нан бағасын ұстап тұруға мүмкіндік береді. Тұрақтандыру қоры дәстүр бойынша жергілікті өндірушілердің көкөніс өнімдеріне толады. Облыс фермерлері қоймаға 2,5 мың тонна картоп, 400 тонна сәбіз, 200 тонна қырыққабат жөнелтпек. Олар өз өнімдерін Алматы, Шымкент және Түркістан облыстарына да жөнелтеді. «Биыл минералды тыңайтқыштарға 760 млн теңге субсидия бөлінді. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 2 есе көп. Нәтижесінде минералды тыңайтқыштар көлемі 147 мың гектарға артқанын көріп отырмыз. Жергілікті биліктен тағы қандай көмек қажет, қандай проблемалар бар?» – деп сұрады Жеңіс Қасымбек аграршылармен кездесу барысында.

Шаруа адамы күздің әрбір ашық күнін тиімді пайдалануда. Егіс алқаптарында жұмыс қызу. Диқандар ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуда, қайсыбірі егіс аланын ұлғайтуды ойластыруда, жаңбыр егінді бұлдірмеуі үшін көптеген фермерлер заманауи кептіру кешендерін іске қосқан. Ауа-райы құбылмалы өңірде мұндай құрылғылар – диқан қауымы үшін үлкен көмек. Мысалы, Осакаров ауданындағы «Жаңа Ай» серіктестігінде 5 мың тонна астық сақтауға арналған заманауи кептіру кешені жұмыс істейді. «Газгольдерлер, бу шығарғыштар орнатылды. Іске қосу жұмыстарын жүзеге асырып жатырмыз. Барлығы автоматтандырылған. Бір жолғы астық сақтау көлемі 5 мың тоннаны құрайды. Сағатына 100 тонна астық қабылдап, кептіре аламыз. Бұл қондырғыға 300 млн теңгеден астам қаражат жұмсалды, бірақ біз бұл кешеннің шығындарымыздың орнын жабатынын білеміз», – дейді серіктестік басшысы Вячеслав Шамордин.

Жаңа егіннің астығын жинауға облыста барлығы 2 345 комбайн жұмылдырылған. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етілген.

ЖЕҢІЛДІКПЕН КРЕДИТТЕУ

КӘСІПКЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУҒА ИЕ БОЛДЫ

Қостанай облысының 140 кәсіпорны мемлекеттік қолдауға ие болды.

Өңірде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры жыл басынан бері бизнесті жеңілдікпен кредиттеу мемлекеттік бағдарламасын іске асырып келеді. Осы уақытқа дейін жалпы сомасы 24 млрд теңгеге пайыздық мөлшерлемені субсидиялау арқылы 140 кәсіпорынға қаржылай қолдау көрсетілген. Бұған қоса қор кепілдігін 3,5 млрд теңгеге 104 кәсіпкер иеленді. «Үкімет пандемия басталғалы шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасына бірқатар маңызды өзгеріс енгізді. Соның ішінде несие 6 пайыздық жылдық мөлшерлемемен берілетін болды. Кәсіпкер несие бойынша 6% жылдық мөлшерлемені төлейді, қалған соманы «Даму» қоры субсидиялайды. Қазіргі уақытта қор саудаға салынған инвестицияларды қоспағанда, экономиканың барлық салаларындағы кәсіпорындардың қызметін қолдап отыр. Бұл шаралар пандемияға байланысты дағдарыс кезеңінде бизнесті қолдау үшін қабылданды», – деп атап өтті «Даму» қоры аймақтық филиалының клиенттермен жұмыс жөніндегі бас менеджері Елена Матвеева.

Жеңілдетілген несие алған компаниялар қатарында арнайы киім және жеке қорғаныш құралдарын өндіретін «Азурит» компаниясы, еттен жартылай фабрикаттар дайындайтын «Terra Meat» және «ДОГМА» ветеринарлық клиникасы бар.

Бүгінде ет өнімдерін еліміздің 14 қаласына жөнелтіп отырған «Terra Meat» компаниясы өндіріс көлемін арттыруға ниетті. «Сұранысты қамтамасыз ету үшін 40 млн теңге несие қаражатына өндірістік тоңазытқыштар, илеу жабдықтары сатып алынды. Күніне 3 тоннаға дейін жартылай фабрикаттар өндіреміз. Мұның бәрі мемлекеттік қолдаудың арқасында», – дейді «Terra Meat» ЖШС сатылым бөлімінің басшысы Нұрлан Амантаев.

Мемлекеттік қолдауға ие болғандардың бірі – 20 жылдан астам уақыт тігін саласында жұмыс істейтін «Азурит» кәсіпорны. «Былтыр тамыз айында жабдықтар алу үшін несие алдық, – дейді компанияның комерциялық директоры Наталья Токун. – Оған кесте тігетін жабдықтар, 15 арнайы машина, үлгі дайындауға арналған бағдарлама сатып алдық. Бұл өндірістің өсуіне ықпал етті. Қолымызда жабдықтар жоқ кездің өзінде жылына 11 мың өнім шығардық, ал өткен жылы – 15 мың, биыл жылдың басынан бастап кәсіпорындарға 7 мың костюм және 280 мың бетперде тігілді».

«Даму» қоры өз ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге несие сомасының 85%-на дейін кепілдік береді. Олардың ішінде бұдан 5 ай бұрын ветеринарлық клиника ашқан жас кәсіпкер Максим Падерин де бар. «Даму» қорының мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы естіп, ірі жабдық сатып алуға несие алу үшін банкке өтініш бердік. Қор бізге кепілдік ұсынды», – дейді ол.

Екінші деңгейдегі банк жобаны қолдап, 8 900 000 теңге көлемінде несие берген. Бірден УДЗ жабдығына тапсырыс берген кәсіпкер жақында оны қолға алатынын айтты.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Президент Жолдауы: Кәсіпкерлік өрісі кеңейеді

Кәсіпкерліктің қазақ ұғымындағы қарапайым түсінігі «екі қолға бір күрекке» саятынымен, индустрияландыру дәуірінің ақындары жырға қосқан құрыш білек жұмыс күшін бүгінде қауырсын қаламды білім мен білік алмастырған заман туды. Еліміз алмағайып болашаққа қадам басқан қазіргі сәтте әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтап қалуды дітпен отырған Президент Жолдауы халықтың өз қолын өз аузына жеткізуді көздейтін кәсіпкерлік өрісін кеңейтуге, мұның ішінде экономикалық тиімділігі мол кәсіп түрлерін қолдап, өркендетуге бағытталып отырғаны бекер емес.

Атап айтқанда, жаңа жағдайда елдің орнықты дамуын қамтамасыз ететін жоба-жоспардағы кәсіпкерлікке арналған «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасында шағын және орта бизнеске қосымша көмек көрсету мақсатында соңғы қарыз алушы үшін жылдық 6 пайызға дейін жеткізе отырып, қолданыстағы кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелер субсидияланатын болады. Субсидиялау төтенше жағдай тәртібі жарияланған сәттен бастап 12 ай кезеңін қамтиды, ал жаңа несиелер жеңілдікті мөлшерлеме бойынша қаржыландырылады. Осы орайда бұрындары шағын және орта бизнес субъектілеріне жоғары мөлшерлеме бойынша беріліп, қазір қолданыста жүрген несиелер бизнеске үлкен жүктеме әкеліп отырғанын айта кетуіміз керек. Бұл әсіресе кәсіпкерлер қызметіне қатысты шектеу шаралары енгізіліп жатқан қазіргі ахуалда сезіліп отыр. Сондықтан да бұл несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді төмендету мәселесі көптен көтеріліп келе жатқан-ды. Осыған орай зардап шеккен секторлардағы барлық шағын және орта бизнес субъектілеріне олардың кредиттері бойынша төтенше жағдай режимі жарияланған сәттен бастап, яғни 2020 жылғы 16 наурыздан 2021 жылғы 16 наурыз аралығындағы 12 ай ішінде жылдығы 6 пайызға дейін субсидия беріп, қолдаудың қосымша шараларын көрсету туралы шешім қабылданғанын кәсіпкер қауым жылы қабылдады. Жолдауда алға қойылған міндеттерге сәйкес бизнестегі ахуалды одан әрі жақсарту жөніндегі іс-қимыл кешені, атап айтқанда тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыруды, барлық реттеуші тараптардың тексерулерін біріздендіруді және қысқартуды көздейтін шаралар қабылданатын болады. Қазіргі уақытта реттеушілік апелляция институтын енгізу, оны Кәсіпкерлік кодексіне бекіту бойынша шаралар әзірленуде. Шағын және орта бизнес субъектілері ағымдағы жылдың соңына дейін республикалық және коммуналдық меншік объектілері бойынша жалдау төлемдерін төлеуден босатылады. Осындай шаралар квазимемлекеттік сектор объектілері бойынша да қабылданатын болады. Зардап шеккен салалардағы шағын және орта бизнес субъектілері ағымдағы жылдың соңына дейін зейнетақы қорына, әлеуметтік сақтандыру қорына және медициналық сақтандыру қорына аударымдардан босатылады. Шикізаттық емес орташа кәсіпорындарға бағытталған экспорттық акселерация бағдарламасы іске қосылады. Кәсіпкерлікті қолдау үшін қосымша 200 млрд теңге бөлініп, ол айналым капиталын жеңілдетілген мөлшерлеме бойынша несиелеу көлемін 800 млрд теңгеге дейін жеткізеді. Бұл бағдарлама 2021 жылдың соңына дейін ұзартылады. Осы аталған барлық шаралар жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнес үлесін 35 пайызға дейін және 2025 жылға қарай кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санын 4 млн адамға дейін арттыру бойынша алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Бұл ретте инвестициларды ынталандыру бойынша заңнамалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық мерзіміне стратегиялық инвестициялық келісімдер енгізілетінін атап өткеніміз жөн. Кәсіпкерлік және салық кодекстеріне, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтар туралы заңға түзетулер енгізіледі. Инвесторлармен стратегиялық келісімдер жасасу мүмкін болатын инвестициялық жобалар тобы қалыптастырылады. Әрбір ірі инвесторға жеке көзқарас қамтамасыз етіледі. Ал, инвестициялық жобаларды іске асыру үдерісіне қазіргі заманғы инфрақұрылымды, ағылшын құқығын, преференциялық салық және көші-қон режимдерін ұсынатын «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуеті белсенді пайдаланылмақ. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімге қатысты 30 пайызға дейін жеткізіледі. Ел басқару жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің саны ағымдағы жылдың соңына дейін 10 пайызға, келесі жылы тағы 15 пайызға азайтылмақ. Осылайша келесі жылдың соңына дейін олар 25 пайызға дейін қысқартылады. Экономикадағы жеке сектордың көлемін кеңейту үшін жекешелендірудің 2025 жылға дейінгі жаңа жоспары қабылдануға тиіс. Салық-бюджет саясатын жетілдіру бойынша міндеттемелерді орындауды оңайлату және салықтар мен төлемдер санын азайту мақсатында салық заңнамасына толық тексеру жүргізіледі. Бұл жұмыстың басталып та кеткенін айтуға тиіспіз. Шағын және орта бизнес үшін неғұрлым зардап шеккен секторларда айналымнан бөлшек салық төлеу құқығы енгізіледі. Экономиканы әртараптандыру және бюджетті толықтыру үшін салық кесімдерін саралау мүмкіндіктері қарастырылып, жаңа бюджет саясатын әзірлеуге ерекше назар аударылады. Түйінді бюджеттік коэффициенттер мен қағидалар жиынтығы, бюджет саясатының тиімділігі мен орнықтылығын бағалау әдістемесі әзірленеді. Бюджеттен тыс қорларды шоғырландырылған бюджетке енгізу жолымен мемлекеттік қаржыны кешенді бағалауды енгізу жоспарлануда. Мұның нәтижесінде бюджеттік жоспарлаудың жаңа тәсілдері мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі ұлттық басымдықтарды неғұрлым толық іске асыруды қамтамасыз етеді.

ҚАРЖЫ

Еліміздің ақша жылыстауы артқан

Ұлттық банктің мәліметтері бойынша шілде айында ақша аударымдары жүйесі бойынша (ААЖ) Қазақстаннан 66 млрд теңгеден астам өзге елдерге жөнелтілген, ал дәл осындай жолмен бізге келіп түскен қаржы көлемі 25,6 млрд теңгені құрапты. Бұл көрсеткіштер арасындағы айырмашылық тарихта аса жоғарылаған бірі болып табылды.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

1-инфографика

Соңғы айлардағы ерекшеліктердің бірі – Қырғызстанға ақша аударымдарының артуы. Ұлттық банктің мәліметтеріне сәйкес:

• мамырда осы бағытта ААЖ көмегімен 18,9 млрд теңге;

• маусымда – 26,4 млрд;

• шілдеде 13,2 млрд теңге бағытталған.

Салыстырар болсақ, 2019 жылы Қырғызстанға орташа ай сайынғы аударымдар көлемі 7,3 теңгені (бірде-бір рет тіпті 10 млрд теңгеге де жетпеген) құраған. Жалпы алғанда, мамырдан бастап шілдеге дейінгі кезеңде осы бағытқа өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 2,6 есе көп қаржы аударылыпты.

Бұл жерде мұның ескерер бір ғана сыры – шекаралардың жабық болғаны. Егер әдеттегі уақытта ақшаны қолма-қол алып өту мүмкін болса, карантин жағдайында қаржыны жөнелтудің басқадай онша көп мүмкіндіктері де болған жоқ. Бұл тізбедегі серпіннен де аңғарылады – карантиндік шаралардың жұмсартылуымен ААЖ арқылы аударымдар көлемі де азая бастаған.

Аударымдар көлемі басқа да негізгі бағыттар бойынша өскен.

• Үш айда Ресейге ААЖ арқылы 64 млрд теңге, бұдан бір жыл бұрынғыдан – 4,2%-ға артық жылыстапты.

• Өзбекстанға аударымдар 11,2%-ға – 50,7 млрд теңгеге дейін артқан.

• Түркияға 36,9 млрд теңге, бұл – 2019 жылдың мамыр-шілдесінен 74,1%-ға артық.

Жалпы алғанда, шілдеде Қазақстаннан басқа елдерге жалпы көлемде 66,1 млрд теңге аударылған. Бұл 2019 жылдың осындай айына қарағанда 3,8%-ға артық. Алайда, маусым айымен салыстырғанда көрсеткіштер бірден 29%-ға немесе 26,7 млрд теңгеге құлдыраған *(1-инфографика)*.

2-инфографика



3-инфографика

КОРЕЯДАН АУДАРЫМДАР АЗАЙҒАН

Шет елдерден аударымдарға жж. әдеттегі көлемінен айтарлықтай төмен. Өткен жылдың осындай айымен салыстырғанда аударымдар 26%-ға (маусыммен салыстырғанда – 18%-ға) құлдыраған *(2-инфографика)*.

Қазақстанға жөнелтілген аударымдар бойынша Ресей көшбасшы боп қалып отыр. 2020 жылғы шілдеде олардың көлемі 8,2 млрд теңгені құраған – бір жыл бұрынғыдан 30%-ға кем, есесіне маусым айындағы деңгейден 7%-ға көбірек. 5 айда алғаш рет бізге жеткізілген қаржының жалпы көлеміндегі РФ үлесі 30%-дан асқан *(3-инфографика)*.

ДОНОР РӨЛІ ӘЛІ ДЕ КҮШІНДЕ

Қазақстанның бірінші карантиннен кейін күрт күшейген донор ретіндегі рөлі біртіндеп төмендеуде. Мәселен,

• мамыр айында шет елге өзімізге келгенге қарағанда 3,46 есе көбірек қаржы жөнелтілген. Айырмашылығы 50,2 млрд теңгені құрапты;

• маусымда көрсеткіштер 3,53 есе және 66,5 млрд теңгені құраған;

• шілдеде – 2,58 есе және 40,5 млрд теңгені құрапты.

Алайда, осынша төмендеуге қарамастан, жөнелтілген және жеткізілген қаржылар арасындағы мұндай айырмашылық өте жоғары күйде қалып отыр – Қазақстанға келгенмен, 2019 жылы орта есеппен 90%-ға артық кетіп жатса, осы жылдың қаңтар-сәуірінде – 86%-ға артық қаржы шет елдерге асыпты.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

28 тамыз – 4 қыркүйек аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттық қорытындысы бойынша 4 қыркүйекте теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,2%-ға (420,11-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 420,76 теңге деңгейінде қалыптасты.



Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 28 тамыз – 4 қыркүйек аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды. АҚШ-тың бірқатар оң макроэкономикалық деректерінің шығуы доллар бағамының жаһандық нығаюына себепші болды: тамызда іскерлік белсенділік индексі 56 тармаққа дейін өсті, жұмыссыздық 8,3%-ға дейін төмендеді, ауыл шаруашылығына жатпайтын секторда жұмыс орындарының саны 1,37 миллионға ұлғайды. ЕОБ өкілдері ақша-кредит саясаты үшін айырбастау бағамы «маңызды» деп атап, еуро бағамының нығаюына алаңдаушылық танытуда. ЕО-дағы бөлшек сату шілдеде кейінге қалдырылған сұраныс әсерінің аяқталуы аясында 1,3%-ға а/а төмендеді. Еңбек нарығын қалпына келтірудің баяулау себебі бойынша алаңдаушылық аясында АҚШ-тың қор индекстері біршама теріс түзетуді көрсетті.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

• Бразилия реалы өнеркәсіптік өндірістің шілдеде – үш ай қатарынан 8%-ға а/а өсуі аясында 1,7%-ға (5,39-дан 5,3-ке дейін) нығайды;

• Мексика песосы елге ақша аударымдарының ұлғаюы туралы деректер аясында – Мексика азаматтары шілдеде АҚШ-тан $3,53 млрд (+7,2% ж/ж) жіберіп, 1%-ға (21,76-дан 21,55-ке дейін) нығайды;

• Үнді рупиясы ОБ реттеуші рупийдің нығаюына жол беретіні туралы әлеуетті атап өтіп, ұлттық валютаның айырбастау бағамының артуы импорт инфляциясын тежеуге әсер ететіні туралы түсіндірмелері аясында 0,4%-ға (73,4-тен 73,14-ке дейін) нығайды;

• Оңтүстік Африка рэнды 16,6 деңгейінде қалып, бір апта ішінде өзгерген жоқ;

Индонезия рупиясы үкіметтің реттеушіні қадағалауын күшейту жөніндегі жоспарларына байланысты ОБ тәуелсіздігінің ықтимал төмендеуіне қатысты инвесторлардың алаңдаушылығы аясында 0,8%-ға (14 632-ден 14 750-ге дейін) әлсіреді. Ел президенті үкімет ОБ-ға 2022 жылға дейін бюджет тапшылығын қаржыландыруға тікелей қолдау көрсетуге өтініш жасай алады деп мәлімдеді;

• Түрік лирасы алтын импортының өсуіне байланысты тамызда соңғы екі жылдағы рекордтық сауда тапшылығы туралы мәліметтер аясында 1,5%-ға (7,33-тен 7,44-ке дейін) әлсіреді;

• Ресей рублі А.Навальныйдың улануына байланысты санкциялық тәуекелдердің өсуі аясында 1,9%-ға (74,03-тен 75,43-ке дейін) әлсіреді.

** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дерекқоздердің негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

Президент Касым-Жомарт Токаев в своем очередном послании народу Казахстана выразил обеспокоенность семейно-демографической ситуацией в стране.

КАЙРАТ КАЗАКПАЕВ

Демографическому развитию должно уделяться особое внимание

«К сожалению, каждая шестая семья в Казахстане не может иметь детей. Соцопросы показывают, что около 20% казахстанцев считают это весомым основанием для развода», - отметил он.

По его словам, прогнозы населения Казахстана в сравнении с нашими соседями по Центральной Азии неутешительные. 123 года тому назад, когда проводилась первая всероссийская перепись населения, казахи были названы шестым крупнейшим этносом России после велокоросов, украинцев, поляков, евреев и белорусов. Тогда они составляли более половины всего населения того региона, которая сейчас называется Центральной Азией. А сейчас – лишь пятую часть. Поэтому представляется вполне уместным то, что президент РК в своем программном выступлении от 1 сентября нынешнего года счел необходимым указать на неутешительность прогнозов ООН в отношении *«роста населения Казахстана в сравнении с нашими соседями по Центральной Азии»*. Конечно же, такая демографическая ситуация сформировалась не в одночасье. В 1897 году, когда проводилась в царской России всеобщая перепись населения, были получены первые реальные представления о численности казахов. Она также дала конкретное представление о том, какова же была процентная доля казахов в общей численности населения во всей царской Центральной Азии и на тех землях, которые впоследствии составили территорию нашей республики. В ее итоге выявилось, что казахи являлись самым многочисленным коренным народом этого региона тогдашней Российской империи.

Более того, они были признаны одним из крупнейших этносов всей России. Об этом можно судить по следующей цитате специалиста: *«На протяжении второй половины XIX века — начала XX века они обогнали литовцев и латышей и теперь уступали только русским, украинцам, полякам, евреям, белорусам, казахам и финнам, причем почти догнали последних (их было 2,7 млн. человек)»* (журнал «Вопросы истории», №12, 1989 г., «Немецкое население в России в XVIII - начале XX века», 29-стр.). Отсюда видно, что на стыке девятнадцатого и двадцатого столетий казахи официально признавались шестым по численности этносом царской России. Другими словами, это был крупнейший восточный народ тогдашней империи.

Итак, в 1897 году на всем пространстве Центральной Азии, состоявшем тогда из Степного края и Туркестанской губернии, казахи составляли более половины совокупной численности 11 коренных народов. А именно – 52,5%.

Тут следует уточнить еще вот что. Конечно же, та перепись не приняла на учет всех жителей тогдашней Центральной Азии. Тому имелись свои причины. Тогда Бухарский эмират и Хивинское ханство являлись протекторатами царской России, и их население переписью, проводившейся в 1897 году, не учитывалось. Но оценочные данные о том, сколько там в те времена жило народу, и каков был примерно их этнический состав, публиковались в свое время.

Так, в Бухарском эмирате тогда, по мнению специалистов-исследователей, проживало 2-2,5 млн. человек, в том числе 55%-60% - узбеки, порядка 30% - таджики, 5%-10% - туркмены.

В Хивинском ханстве – 700-800 тысяч, в том числе порядка 65% – узбеки, 27% – туркмены, 4% – каракалпаки, 4% – казахи.

Но даже с учетом численности и этнического состава населения двух этих протекторатов Российской империи в Центральной Азии казахи могли считаться крупнейшим коренным этносом всего региона.

Что же касается русских, тогда их в Степном крае и, особенно, в Туркестанской губернии насчитывалось в относительном плане немного. Первый из них включал практически все северные, западные, восточные и центральные районы современного Казахстана. А во вторую входили тогдашние Семиреченская и Сырдарьинская области. Значительная часть этих областей впоследствии отошла Казахской республике.

Степной край и Туркестанская губерния отличались друг от друга еще и тем, что первый из них начал осваиваться русскими еще с начала XVIII века. А вторая - только во второй половине XIX века.

Поэтому, видимо, не удивительно то, что при переписи 1897 года выяснилось, что русские в Степном крае составляли целых 20%, а в Туркестанской губернии - всего 3%. А казахи в первом из них - почти 80%, а во второй - свыше 40%.

В целом же в Степном крае всего населения тогда насчитывалось порядка 2 миллион 465 тысяч человек, в том числе русских - 493 тысячи. А в Туркестанской губернии - 5 миллионов 280 тысяч 983 человек. В том числе русских - свыше 158 тысяч. А значит, всего их тогда в Центральной Азии было 651 тысяча. И это при общей численности населения всецело подчиненной империи части региона, составлявшей 7 млн. 745 тысяч. Следовательно, доля казахов в совокупной численности жителей Степного края и Туркестанской губернии тогда равнялась 48,8%, доля русских – 8,4%.

Динамика изменения численности коренных народов Центральной Азии в царской России и Советском Союзе в 1897-1989 годах (в тысячах)

№/№	Народы	Годы							
		1897	1911	1926	1939	1959	1970	1979	1989
1.	Казахи	3,787	4,692	3,968	3,099	3,581	5,299	6,556	8,135
2.	«Сарты»	1,458	1,847	–	–	–	–	–	–
3.	Узбеки	535	592	3,905	4,844	6,004	9,195	12,456	16,697
4.	Таджики	338	397	979	1,229	1,397	2,136	2,898	4,215
5.	Туркмены	249	290	764	812	1,004	1,525	2,028	2,728
6.	Кыргызы	202		763	884	974	1.452	1.906	2.528
7.	Каракалпаки	112	134	146	186	173	236	303	423
8.	Таранчинцы	30	83	53	–	–	–	–	–
9.	Кашгарцы	41	55	13	–	–	–	–	
10.	«Тюрки»	440	–	–	–	–	–	–	
11.	Уйгуры	–	–	43	–	95	173	211	262
	Общая численность	7,252	8,177	10,634	11,054	13,228	20,016	26,358	34,988
	% доля казахов в общей численности народов ЦА	52,5%	57,5%	37,5%	28,2%	27,1%	26,5%	25,5%	23,3%

В последующем это соотношение стало меняться. Но еще долго казахи продолжали оставаться крупнейшим по численности этносом вначале всей российской, а потом советской Центральной Азии.

В 1926 году впервые было учтено отдельно население Казахстана. На то время доля казахов равнялась 58%. Они все еще составляли большинство, хотя их численность тогда оказалась немногим больше того, что было отмечено при первой Всероссийской переписи населения в 1897 году. Все население Казахстана тогда составляло 6 млн. 229,9 тыс. человек. В том числе казахов насчитывалось 3 млн. 627,6 тыс. или 58,2% от общей численности. В 1930 году в Казахстане проживало 5 млн. 873,0 тыс. человек.

В течение следующих почти пятидесяти лет русские в Казахстане оставались самым многочисленным этносом. Вместе с другими русскоязычными славянскими и европейскими народами они составляли все это время подавляющее большинство. Это объяснялось, прежде всего, особенностями индустриально-урбанистического и агропромышленного развития республики. В советское время промышленное производство располагалось в крупных городских центрах или специализированных на добычу сырья малых и средних городах. Большинство рабочих там составляли представители русско-славянского и в целом европейского населения.

А казахское население республики в течение этих десятилетий в основном было сосредоточено в сельских районах. В больших городах их доля была незначительной. К примеру, в Алматы, столице республики, в 1970 году она равнялась всего 10%, в 1979-м – 15%, в 1989-м – 22,5%. Из этих данных видно в советский период урбанизация среди казахов стала набирать силу только в ходе последних двух его десятилетий.

Но не только в больших городах они являлись меньшинством. Казахи даже в поздний советский период за пределами аграрного сектора экономики составляли столь незначительное число, что даже среди коренных народов в Центральной Азии были на последнем месте.

Так, к примеру, по данным ученых-экономистов, в 1987 году узбеки в Узбекистане и туркмены в Туркменистане составляли 53% трудящихся в промышленности, таджики в Таджикистане – 48%, кыргызы в Кыргызстане – 25%, а казахи в Казахстане – всего 21%. Соответствующий показатель в России был равен 83%.

И, тем не менее, казахи, начиная с 1959 года, когда их доля в составе всего населения республики оказалась наименьшей за все время проведения переписей, а именно 30% *(по другим данным – 28%)*, стали увеличивать свой вес в демографической статистике Казахстана. К настоящему времени этот показатель уже более чем вдвое выше того, что было отмечено в конце 1950-ых г.г.

О динамике роста доли казахов в составе населения Казахстана можно судить по следующим статистическим данным: в 1970 году – 32,5%, в 1979-м – 36%, в 1989-м — 39,7%, в 1999-м – 54%, в 2009-м – 63,7%.

Причем не сказать, что восстановление количественного веса казахов в Казахстане на протяжении всех этих десятилетий происходило лишь на фоне стагнации или регресса демографического динамизма представителей других населяющих республику народов. К примеру, в 1959-1992 годах численность русских здесь увеличилась на 60% - с 3 млн. 972 тысяч до 6 млн. 247,1 тысяч. Но при этом их доля в составе всего населения Казахстана сократилась с 42,7% до 37%. То есть в течение этих 35 лет у казахов, увеличивших свой демографический вес с 30% до 40%, динамика численного роста была заметно более высокой, чем у других крупнейших этнических групп в республике.

За 1989-2020 г.г. численность казахов в Казахстане увеличилась на 6 млн. 267,9 тысячи и возросла с 6 млн. 496,9 тысячи до 12 млн. 764,8 тысячи. Теперь они составляют порядка двух третей всего населения республики.

Да, сейчас казахи в Казахстане восстановили свое численное преимущество. Спустя почти 100 лет коренное население снова составляет большинство в своей республике. Но казахи более не являются крупнейшим этносом Центральной Азии.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕҢБЕК

БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Алматыда «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына 32 мыңнан астам адам қатысты.

Қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының ақпаратына сәйкес, «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында алып шаһарда уақытша жұмыс орындарына 15 560 адам, оның ішінде 1116 адам – әлеуметтік жұмыс орындарына, 992 адам – жастар практикасына және 13 452 адам – қоғамдық жұмыстарға жіберілген. Ал 15 015 адам тұрақты жұмысқа орналастырылған.

Бизнес-идеяларды іске асыруға 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 1 306 мемлекеттік грант және 43 микрокредит бөлінді. Қысқа мерзімді курстарға жіберілген 876 адам оқуды аяқтағанған кейін тиісті жұмыс орындарына орналастырылды. Қысқа мерзімді білім берудің үлкен артықшылығы – талап етілетін мамандарға жұмыс берушілердің өздері өтініш береді. «Азаматтардың қай жұмысқа орналасатынын таңдауы – бұл жақсы құбылыс. Біреу мамандық бойынша жұмыс таба алады, ал енді біреу қайта оқып, жаңа біліктілік бойынша кепілдік берілетін жұмысқа орналаса алады. Әлеуметтік жұмыс орындары, қоғамдық жұмыстар және жастар практикасы сияқты өзге де белсенді шаралар бар», – дейді Алматы қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Нұржан Ауталиф.

Бұрын хабарланғандай, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына 379 мың адам қатысып, түрлі қолдау алды. Жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша бос жұмыс орындарына 130 мың адам, мемлекет субсидиялаған жұмыс орындарына 156 мың адам орналастырылды, 5 800 жеңілдікті кредит және 17 200 қайтарымсыз грант берілді, 34,5 мың азамат кәсіпкерлік негіздеріне қысқа мерзімді оқытудан өтуде.

АГРОКЕШЕН

ЭКСПОРТТЫ ЖЕҢІЛДЕТУ ЖОЛДАРЫ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының кеден басқармасы екі мемлекеттің шекаралық кеден органдары басшыларының жыл сайынғы отырысы өтті.

Жиында қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын жеңілдету жолдары қарастырылды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдері қазақстандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін ведомствоның кепілдігімен Қытайға экспорттауға құқығы бар «кәсіпорындар» тізіміне енгізу мәселесін талқылады. Сонымен қатар, Шығыс Қазақстан облысында ҚХР Бас кеден басқармасының талаптары бойынша аккредиттелген ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөнінде зертхана ашу, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы аумағында Қытай елі аттестаттаған зертханасы бар ветеринарлық және фитосанитарлық бекеттер құру туралы ұсыныстар қаралды. Бұл қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің шекаралық бақылау арқылы өтуін жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі салқындатылған етке, субөнімдерге және Қазақстаннан Қытайға экспорттталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлеріне қойылатын ветеринарлық-санитарлық талаптары қарау және келісу рәсімдерін жеделдетуді ұсынды.

ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының кеден басқармасы өз кезегінде Қазақстаннан келетін жылқылардың ауруларын анықтайтын зертханалық диагностикалау жүйесі бойынша ынтымақтастықты дамытуды ұсынды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ЖАРНАЛАР МЕН АУДАРЫМДАР 260 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

Биыл алғашқы жартыжылдықта Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС пакеті аясындағы медициналық көмек үшін 156,7 млрд теңгеден астам қаржы аударды.

Жыл басынан бері 6 ай ішінде МӘМС-ке 260 млрд теңгеден астам сомада жарналар мен аударымдар түскен. Оның басым бөлігі, яғни 146,6 млрд теңге – бұл халықтың 15 жеңілдікті санатына жататын 11 млн-ға жуық азаматтар үшін жарнаны мемлекет төледі. «2020 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша МӘМС пакеті шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін 156,7 млрд теңгеден астам қаражат төленді. Төлем халыққа көрсетілген медициналық қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Клиникалық хаттамаларды және емдеуге қажетті талаптарды сақтай отырды, факті бойынша көрсетілген және құжатпен расталған қызметтер ғана төленеді», делінген ӘМСҚ баспасөз қызметі хабарламасында.

Хабарламада көрсетілгендей, 6 ай ішінде жоспарлы түрде стационарларда 630 мыңнан астам адам емделген. Көрсетілген консультациялық-диагностикалық көмек үшін шамамен 42 млрд теңге төленді. Атап айтқанда, диагностикалық қызметтер арасында КТ және МРТ қызметтері азаматтар үшін өзекті. Жарты жыл ішінде пациенттерге 1,1 млрд теңгеден астам сомаға 96 мыңнан астам КТ қызметі және 1,6 млрд теңгеден астам сомаға 101 мыңнан астам МРТ қызметі көрсетілген. Сонымен қатар, қантар мен маусым аралығында 3 млн-нан астам стоматология, 2 млн-ға жуық рентген және 1,6 млн-нан астам УДЗ-диагностика қызметтері көрсетілді, олардың жалпы құны 15 млрд теңгеден асады. Олардың барлығы МӘМС пакетінде медициналық сақтандыру қаражаты есебінен көрсетілді, пациенттерге медициналық көмек үшін қор ақы төледі.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

МӘДЕНИЕТ&SPORT

САЯХАТ

Балмұздақ компаниясы балаларды қуантты

«Шин-Лайн» компаниясы алғаш рет балмұздақ өндіретін фабрикаға онлайн экскурсия ұйымдастырды. Фабриканың қонақтары қатарында Алматы облысындағы бірқатар балалар үйлерінің тәрбиеленушілері болды.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Виртуалды саяхат балалар үшін жағымды мерекелік тосын сый болды және оларға балмұздақ өндірісінің барлық кезеңдерін тамашалап, сондай-ақ лимонадтың дәмімен барлығына таныс, маусымның жаңалығы – «Ключик Буратино» жеміс мұзынан дәм татуға мүмкіндік берді.

«Солнышко» балалар үйінің директоры Ирина Смирнова: «Бала кезінде кім балмұздақ сатушысы болғысы келмеді? Мүмкін болашақта біздің балалар тамақ өндірісі саласындағы мамандықты таңдар – технолог, зертханашы, кондитер, инженер және тағы басқалар. Мұндай іс-шаралар біздің тәрбиеленушілеріміз үшін өте маңызды және оларға оқуға деген ынтаны арттыруға, мамандықты таңдауға, өздерінің болашағын көруге көмектеседі. Сондықтан біз «Шин-Лайн» компаниясына балалар үшін қызықты әрі тәтті атмосфераны сыйлағаны үшін айрықша ризамыз», – деп атап өтті.

Жаңа дистанциялық форматта оқыту мұғалімнен белгілі бір дайындықты және интерактивті оқу құралдарының болуын талап етеді. Компанияда тамақ өндірісінің жұмысымен танысу үшін бейне-сабақ сияқты еліктіретін тәсілді қолдану мектеп оқушылары үшін қызықты құрал ретінде санады. Ал сабақ қорытындысы бойынша бағалау жүйесіне нені ұсынуға болады? Әрине –жеміс мұзы. Мұндай онлайн оқыту жас қатысушылардың көңілінен шықты, ұстық күнде сергітетін дәмді сыйды да атап өткен жөн.

ДҮБІРЛІ ДОДА

Жеңіспен бастадық

УЕФА-ға қарасты футболдан ұлттық құрамалар арасында 2020-2021 маусымдық Ұлттар лигасы бәсекелері басталды. С4 тобына түскен Қазақстан құрамасы биылғы жылы алғашқы ресми матчын өткізді. Михал Билектің командасы Ұлттар лигасы аясында Литваға қонаққа барды.

АЙНҰР БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Литва астанасы Вильнюс қаласындағы «LFF — Ветра» стадионында өткен Литва – Қазақстан құрамалары арасындағы матч аса тартысқа толы болды. Матчтағы есепті 3-ші минутта Бактиер Зайнутдинов ашты. Қапталдан Бауыржан Исламхан әуелетіп көтерген әдемі пасты жас шабуылшы қақпаға дәл бағыттай білді.

Матч аяқталуына аз қалғанда, аланға тыннан қосылған Исламбек Қуат есепті еселей түсті. Аланға 83-ші минутта кіріп, 3 минуттан соң, яғни 86-шы минутта И.Қуаттың қақпаға жасаған соққысы мәндайшаға тиіп, қақпаға дөп кірді. Біздің тобымызда Албания құрамасы сенсация жасады. Минскінің «Динамо» стадионында тәжірибелі алаңиелері Беларусь құрамасын 2:0 есебімен қапы қалдырып кетті. Бұл матчта Чикалеши 23-ші минутта гол соқса, екінші таймда Баре 79-шы минутта қақпаға дәл соққы енгізді.

ФИФА-ның ай сайын жарияланатын рейтингінде Литва құрамасы қазір 131-орында тұр. Ал Қазақстан ол рейтингте 118-орында келеді. Екі құрама бұған дейін бір мәрте ғана кездескен болатын. 2014 жылдың 5 наурызында Түркияның Анталия қаласында өткен жолдастық кездесуде екеуі 1:1 есебіне қанағат білдіріп тарқасқан еді.

НАРЫҚ

Инновациялық терапия қолжетімді болмақ

«Такеда Қазақстан» ЖШС (Takeda) биофармацевтикалық компаниясы Қазақстан Республикасында «Баксалта Қазақстан» ЖШС-не (Shire) қосылу жолымен қайта ұйымдастырудың заңды процесінің аяқталғаны туралы хабарлады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Баксалта Қазақстан» ЖШС өз қызметін тоқтатты және «Такеда Қазақстан» ЖШС компаниясы барлық міндеттемелер бойынша оның құқықтық мұрагеріне айналды. Аталған өзгерістер бірлескен Takeda компаниясын қалыптастыру процесін тездетеді, алайда шығарылатын дәрілік заттардың өндіріс процесіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне еш әсер етпейді.

«Такеда Қазақстан» ЖШС директорының міндетін атқарушы Сабира Салыхова: «Shire және Takeda-ның зандық бірігу рәсімінің аяқталуы қол қойылған және келіссөз үстіндегі шарттар, серіктестік және өзге де келісім-шарттар бойынша компанияның өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауды жеңілдетеді. Біз денсаулық сақтау жүйесінің сенімді серіктесі болуға тырысамыз. Компанияның қайта ұйымдастырылуы Қазақстанның фармацевтикалық нарығындағы Takeda-ның жетекші орнын нығайтып, қазақстандық пациенттер үшін инновациялық терапияға қолжетімділікті жеделдететініне сенімдімін», – деп атап өтті.

2019 жылдың басында жарияланған Takeda компаниялар тобының Shire компаниялар тобын сатып алу туралы келісімі Takeda-ға әлемдегі ТОП-10 фармацевтикалық компаниялардың қатарына кіруге және ғылыми әзірлемелерге назар аудара отырып, биофармацевтикалық көшбасшыға айналуға мүмкіндік берді.

Takeda белсенді ғылыми-зерттеу қызметін жүргізетін және инновациялық дәрілік заттарды әзірлейтін бірқатар басым терапевтік бағыттарды анықтады. Негізгі терапевтік бағыттар: онкология, гастроэнтерология және иммунология, неврология және генетикалық аурулар. Мақсатты инвестициялар қан плазмасы вакциналары мен препараттарын әзірлеуде де жүзеге асырылады. Күшті инновациялық ғылыми-зерттеу платформасы компанияға серпінді инновациялық технологияларға назар аударып, осы бағыттардағы өнімдердің жаһандық портфелін дамытуды жалғастыруға мүмкіндік береді. Бизнестің негізгі бағыттары Takeda жаһандық компаниясының жылдық жиынтық кірісін қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Бірігу арқылы Takeda өзінің географиялық болмысын кеңейтті және Жапония мен АҚШ-та жетекші орынға ие болды. Енді 50 000 жоғары білікті қызметкерлердің қолдауымен компанияның әлемнің 80-нен астам елі мен аймақтарына инновациялық дәрілік заттарды жеткізуге мүмкіндігі бар.

Takeda өз компаниясының және оның ғылыми-зерттеу қызметінің құндылықтарына негізделген, штаб-пәтері Жапонияда орналасқан биофармацевтикалық препараттарды өндіру саласындағы әлемдік көшбасшы болып табылады. Компания ғылыми жетістіктерін жоғары инновациялық препараттарға трансформациялау арқылы пациенттерді емдеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Бұдан басқа компания өз күшін төрт терапия саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге шоғырландырады: онкология, гастроэнтерология, неврология мен сирек кездесетін аурулар. Плазма дериваттары және вакциналармен емдеу саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерге мақсатты инвестициялар жүзеге асырылады.

Компания емдеудің жаңа нұсқаларының шекарасын кеңейтіп, жаңа тиімді өнімдерді жасау үшін Ғылыми әзірлемелер бөлімшесін (R&D) пайдалана отыра, адамдардың өмірін өзгертуге көмектесетін жоғары инновациялық дәрілік препараттарды жасауға ден қойған. Қызметкерлер пациенттердің өмір сапасын жақсартуға және шамамен 80 ел мен өңірлердегі денсаулық сақтау саласындағы серіктестермен бірге қызмет етуге ұмтылады.

ЖОБА

Инфрақұрылымның жоқтығынан экологиялық туризм дамымай жатыр

Экологиялық туризм – қазіргі таңда бүкіл әлемдегі ең ауқымды мәселелердің бірі. 2019 жылы ҚР үкіметінің қаулысымен туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Туристердің жыл сайынғы келуінің өсіміне қарамастан, демалу үшін қарапайым жағдайлар мен қажетті инфрақұрылымның болмауынан елімізде экологиялық туризм тиісті түрде дами алмай жатыр. Соның бірі – Шарын ұлттық паркі. Үкіметтің қаулысымен бұл парк 2004 жылдың 23 ақпанында құрылған.

Қазіргі уақытта «Шарын» мемлекеттік ұлттық паркінде туризм мәселесін дамыту күн тәртібінде тұрған өткір проблемалардың біріне айналды. Ұлттық парктегі туризмнің қазіргі инфрақұрылымы заманауи талаптарға сай келмейтін көрінеді.

Бұдан бөлек, аталған парк аумағын дамытуға инвесторлар тарапынан қызығушылық төмен болып тұр. Осыдан-ақ жұмсалған шығынның өзін-өзі ақтау мерзімі ұзаққа созылатын түрі бар. Осы орайда бірқатар елдердің тәжірибесі, оның ішінде АҚШ-тағы ұлттық парктің жұмысы, экотуризмді дамыту бағытындағы заңнамасы зерттелді. Және де алдағы уақытта американдық нұсқа бойынша дамыту қарастырылуда. Жобаны әзірлеушілер АҚШ пен Қазақстанның ұлттық парктері ұқсас болғандықтан, американдық модельге сүйенген.

«Шарын» ұлттық паркінде жеке инвестициялар тарту есебінен экотуризмді дамыту қарастырылған. Бұл тұрғыда заманауи екі сапарлау орталығын, жаяу жүргіншілер үшін төрт бағдарды, этноауылдарды, көру алаңдарын және басқа да нысандарды құру жоспарланған. Рекреациялық жүктемені азайту үшін барлық нысандар шатқалдан тыс аумақта орналасады. Туристер сапарлау орталығына келген кезде, оған осы аумақ туралы ақпарат беріледі. Осы ретте жаяу жүру, велосипед бағдарлары айқындалған.

Қазіргі уақытта Ұлттық парк аумағында 4 туристік бағдар бар. Олар: Шарын шатқалы; Қамалдар алқабы; Қоңған обалары; Кіші Темірлік шатқалы. Мәселен, былтыр Шарын шатқалында алғаш рет қысқы маусым ашылды. Өкініштісі, шатқалда электр қуаты мен мобильді байланыс жоқ. Жарықты тарту үшін 380 вольты электр сымын жүргізу керек екен. Сондықтан, демалыс орнындағы мамандар рацияны пайдалануда. Егер, туристерге алғашқы медициналық көмек қажет болса, ұлттық парктің мамандары көмектесуге тас түйін дайын екендіктерін алға тартты.

«Шарын» мемлекеттік ұлттық паркін дамытуға арналған қазіргі жобада негізінен туристік маршруттар мен сөкпақ жолдарды дамытуға баса назар аударылуда.

Заманауи визит-орталықтар, Глэмпинг, кэмпингтер, этноауылдар салынады. Караванингке арналған орын болады. Парк аумағында күрделі құрылыс жүрмейді, нысандар жеңіл жиналатын конструкциялар арқылы тұрғызылады. Осылайша қоршаған ортаға түсетін жүктемені азайтып, сапалы қызмет ұсынатын бірегей туристік өнім жасауға мүмкіндік туады. Аумақта экотуризмді жеке инвесторларды тарту арқылы дамыту жоспарланып отыр. Екі заманауи визит-орталық салынады. Төрт жаяу жүргінші маршруты болады. Түнейтін орындар дайындалады. Этноауыл салынады. Үш көру алаңы қойылады. Глэмпинг, кэмпинг, караванинг пункттері, қоғамдық тамақтану орындары, кәдесый дүкендері орналастырылады. Қоршаған ортаға түсетін рекреациялық жүктемені азайту үшін қызмет көрсету нысандарының бәрі шатқалдың сыртында салынбақ.

Жоба қоғамдық кеңес мүшелерімен талқыланып, қабылданғаннан кейін ғана инвесторлар ашық байқау негізінде тартылады. Ұлттық парк жерлері заң бойынша ешқандай жағдайда жеке меншікке берілмейді. Тек белгілі бір аумақтар ғана туризмді дамыту мақсатында уақытша пайдалануға берілуі мүмкін. Алайда инвестор өз міндеттерін орындамаған жағдайда мемлекет кез келген уақытта келісімшартты бұза алады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұлттық парктің экологиялық туризмін дамытудың қадамдары айқындалды. Сонымен бірге, негізгі екпін туристік бағдарлары, сөкпақ жолдар желісін дамытуға қойылады.

ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шәмшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Рымтай САҒЫНБЕКОВА

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Исатай ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Ақтөбе облысында: Жаңғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Тілеуғалиев 8 (7292) 40-41-01

Газеттің терілуі мен бет қатталуы **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында** жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Көкжегали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағынды қ
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1239.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-12-04.

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарнаманың мәтіні мен тіліне редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Жетісқұдық көшесі, 175, 4-қабат.
403-бөлме (тіншілер)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ